



12 шілде,
сенбі,
2025 ЖЫЛ
№75 (19502)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

• ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ •

✓ ҚҰРМЕТ

Тіл сарайында Ветеринария қызметкерлері күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты жиында сала еңбеккерлері марапатталып, барынша сый-құрмет көрсетілді.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisy»



Мал дәрігерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтауға арнайы келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев салаға еңбек сіңіріп жүрген азаматтардың қуанышымен бөлісіп, алғысын жеткізді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Мал басының амандығы және өнімділігі жерілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді». Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерін арттыру мүмкін емес. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуы тиіс. Бұл ретте облыс әкімдігі тарапынан ветеринария саласына жоғары деңгейде көңіл бөлінуде. Жетісу облысы құрылғалы ветеринария саласының материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға бюджеттен 2 млрд. теңге бөлінді. Ауыл шаруашылығы жануарларының басы көбеюде. Жыл басынан облыста төрт түлік мал саны 4%-ға өсіп, 2,8 миллионға жетті. Ветеринария мамандарының жалақысы 150 мың теңгеден 250-300 мың теңгеге дейін көтерілді, – деді Әлібек Әскербекұлы.

Ветеринария саласының әлеуметтік-экономикалық, биологиялық және медициналық-санитариялық бағыттардағы алатын орнының ерекше екені, осындай қолдау көрсетіліп жатқанда облыстағы ветеринария саласының дамуына күш-жігерлер жұмсалып, ауыл



Мал дәрігерлері МАРАПАТТАЛДЫ

шаруашылығы жануарларының аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алу жұмыстарының сапалы атқарылуы тиіс екені жеткізілді.

Өз кезегінде облыстық ветеринария басқармасының басшысы Нұрлан Жамаубаев сөз сөйлеп, салада атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Айтуынша, биылға ветеринариялық шараларды ұйымдастыруға 4,9 млрд. теңге қаражат бөлінген. Облыс аумағында жыл басынан жануарлардың аса қауіпті ауруларының қолайсыз ошағы тіркелмеген. Аймақта 129 сібір жарасы көмінділері орналасқан. Жергілікті бюджеттен күтіп-ұстау, жөндеу жұмыстарына биыл 9,06 млн. теңге бөлініп, бүгінде бекітілген талапқа сай толық қоршалып, ескертпе белгілері қойылған. Аталған 129 нысанның бәрі «Жылжымайтын мүліктегі бірыңғай мемлекеттік кадастрлық картасына» енгізілген.

Бір сөзбен айтқанда, Жетісу облысы құрылғалы ветеринария саласына көп көңіл бөлініп, материалдық-техникалық базаны жаңарту үрдісі салаға жаңа серпін бере бастаған. Сондай-ақ, адам мен жануарларға ортақ аурулардың алдын алуда сапалы жұмыстар атқарылып, нәтижесінде ауру ошақтары азайған. Мұндай іргелі істер одан әрі жалғасып, ветеринария саласы дамытыла бермек.

Бүгінгі таңда облыс аумағында эпизоотиялық ахуал тұрақты және үнемі бақылауда.

Жиын барысында ветеринария саласының ардагері Айдарбек Жантайлақовқа сөз беріліп, көпшілікке арнаған ізгі тілегі жеткізілді. Бұдан соң аймақтағы ветеринария саласының дамуына үлес қосып, еселе еңбек етіп жүрген бір топ қызметкерге құрмет көрсетіліп, аудандарға автокөлік кілттері берілді. Мәселен, облыстық аумақтық инспекциясының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Гүлзира Дәулетбекқызы «Еңбек ардагері» медалін кеудесіне тақса, енді бір топ азамат облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын иеленді. Сондай-ақ, «Ветеринарияның құрметті қызметкері», «Еңбек адамы» медальдарын алғандар да қуанышқа кенелді.

Бұған қоса, ветеринариялық пункттері бар аудандар мен қалалардағы ветеринариялық стансысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарына «Нива» маркалы 10 автокөліктің, Алакөл ауданына жылжымалы автоинсинератордың кілті табыс етілді.

✓ ЖАҢА КІТАП

РУХТЫ оятар ТОПТАМА

Қазақ тарихында қаһармандығымен қалған қайраткерлер көп. Солардың басында Қаракерей Қабанбай батыр тұр. Қазақ әскеріне қолбасылық жасап, Дарабоз атанған қаһарманның туғанына 330 жыл толуына орай өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары мен жыр мүшәйрасына қатысқан ақындардың өлеңдері жинақталып, «Дарабоз батыр – Қаракерей Қабанбай» деген атпен кітап болып жарық көрді.



400 беттік ауқымды еңбектің тұсаукесері Талдықорғандағы С. Сейфуллин кітапханасында өтіп, көпшілікті бір серпілті. Белгілі ақын Жангелді Немербай ашып, жүргізіп отырған салтанатты шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әміре Әрін, Қазақстанның Құрметті жазушысы Нүсіпбай Әбдірахым, айтыскер ақын, «Парасат» орденінің иегері Айтақын Бұлғақов және кітаптың шығуына мұрындық болған медицина ғылымдарының докторы, профессор Максұт Қалажанов, «Jetisy» газетінің бас редакторы Жұматай Оспанұлы кезекпен сөз алып, Абылай ханнан Дарабоз атын алған Қабанбай батырдың өмір жолын, ерлігін, қайраткерлігін өскелең ұрпаққа дәріптеудің маңызы мен мәніне тоқталып, рухани тәлім-тәрбиенің қажеттілігін алға тартты.

Тұсаукесері өткен кітаптың 100 данасы облыстық кітапхананың қорына табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ ХАБАРЛАНДЫРУ

Алакөл ауданының құрметті тұрғындары!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы ИСАБАЕВ 2025 жылғы 25 шілдеде сағат 09.00-де Алакөл ауданы әкімдігі ғимаратының (мекенжайы: Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 74) 1-қабатында аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

Қабылдауға облыс әкімі аппаратының азаматтар өтініштерінің қаралуын бақылау бөліміне 8 (7282) 40-25-06 телефон нөмірі арқылы алдын ала жазыла аласыздар.

Сондай-ақ, сағат 10.00-де аймақ басшысы Алакөл ауданының 3. Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйінің ғимаратында (мекенжайы: Үшарал қаласы, Қонаев көшесі, 76) аудан тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigі» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigі?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.

✓ МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында еңбек даңқын асқақтатқан салтанатты шара өтті. Ол Су шаруашылығы қызметкерлері күніне арналған мереке еді. Иә, бұл елдің нулы да, сулы байлығын көздің қарашығындай қорғап жүрген жанкешті мамандардың еңбегін бағалайтын мәртебелі күн.

СУ – тіршілік КӨЗІ

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisy»



Мерекелік жиында облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев сөз сөйлеп, сала ардагерлері мен қазіргі буын өкілдерін құттықтады. Ол аймақтағы су шаруашылығы саласының үздіктеріне арнаған сөзінде «Табиғи монополиялар туралы» Заңына енгізіліп жатқан өзгерістің арқасында биылғы үшінші тоқсаннан бастап сала мамандарының айлық жалақысы едәуір өсетінін сүйіншілеп, көпшілікті қуанып тастады.

Биылғы салтанатты шараның басты жаңалығы – мемлекеттік наградалардың қатары «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағымен толыққаны болып отыр. Ал, Ел Президентінің атынан берілген «Құрмет» ордені «Сарканирригация» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының су реттеушісі Самет Ахметқалиевке табысталса, Панфилов өндірістік учаскесінің инженер-гидротехнигі Марат Исаев ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды.

Су – тіршіліктің өзегі, ал сол өзекті ұстап тұрған жандарды ескерусіз қалдырмаған ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі атынан «Су шаруашылығы үздігі», «Су шаруашылығы ардагері» төсбелгісімен, Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен бірқатар еңбек иелері марапатталды. Әсіресе, «Бірыңғай кадр жүйесі» ақпараттық платформасын енгізіп, ауқымды жұмысты абыроймен атқарғандар ерекше аталды.

Марапат шеруі мұнымен шектелмеді. Жергілікті биліктің қолдауы айрықша сезілді. Облыс әкімінің Алғыс хаты «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жетісу облыстық филиалының қызметкерлеріне табысталды. Су шаруашылығы саласының жаңғыру жолындағы маңызды қадам өткен жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған «Жетісу ирригация» коммуналдық кәсіпорны да назардан тыс қалмады. Аталған кәсіпорын директоры Азамат Нұрғалымға 4 бірлік арнайы техника сертификаты табыс етілді.

Мереке аясында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев сөз алып, сала еңбеккерлерін марапаттап, ризашылығын білдірді.

«Қазсушар» Жетісу филиалының директоры Саят Құдайбергенов: «Облыс әкімдігімен бірлесіп ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл – сол тынымсыз тірліктің жемісі. Соның арқасында су шаруашылығында елеулі өзгерістер бар», – деп алда тұрған міндеттердің де жауапкершілігі салмақты екенін айтты.

«Судың да сұрауы бар» деген тәمسілге сүйенсек, сәті келгенде сала мамандарын төл мерекесімен құттықтап, мерейін өсіріп қою да артық емес.

✓ БАСПАСӨЗ – 2025

Жан сырласым «Jetisy»

– Туған топырағымыз Алакөл ауданы, Бескөл ауылдық округі. Сол бір кеңестік дәуірдің иірімінде ғұмыр кешкен біздің ермегіміз газет оқу еді.

Қазіргі ұрпақ сенбес, бірақ біз үшін газет күннің шуағындай, таңғы ауадай қажет дүние болатын. Соның ішінде бір басылым бар-ды. Ол облыстық «Jetisy» газеті. Жазылған әрбір мақала жүректі дір еткізетін. Ол қаланың даусын ауылға жеткізетін, естір құлақ, көрер көз, сөйлер тіл болатын. Қандай жаңалық бар, қай жерде не боп жатыр, бәрін осы «Jetisy» газетінен білетінбіз.

Қазір зейнеткермін. Жасым ұлғайғанымен жүрегім сол бағыға бала кезде қалып қойғандай. Әлі күнге дейін «Jetisy» газетін асыға күтемін.

Қалам тербеп жүрген барша тілшіге аналық жүрегіммен ақ батамды арнаймын. Жаратқан ойларыңа нәр беріп, жүректеріңе жылу құйсын деп тілеймін. Қағазға түскен әрбір әріптерің елдің есінде мәңгі жаңғырып тұрғай!

Тілеуғайша ХАЙРОЛЛАҚЫЗЫ,
зейнеткер



✓ ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

ЕЛДІҢ ЖҮТІН ЕР КӨТЕРЕР

Кез-десу ба-рысында Парламент Сенатының депутаттары мемлекеттік басқару жү-йесін жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық даму, өңірлердің инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы жұмыстар жөнінде баяндама жасап, халықпен кері байланысты күшейту мен жергілікті құзырлы органдардың рөлін арттыру мәселесін көтерді. Басқосуда егістік жерлерге су жеткізу, жемшөп жинау, кей өңірлерге орта мектеп қажеттігі сөз болды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесі де айтылды.

– *Жиынға қатысқан құрылыс компанияларының өкілдері құрылыс ережесі талаптарын міндетті түрде мүмкіндігі шектеулі жандарға жайлы қылып жасау мәселесін көтеру керек деген ұсыныс айтты. Әрине, олардың айтып отырғандары дұрыс. Көптеген ұсынысты бізге жазбаша түрде беруде. Бұйырса, келесі 4-ші сессияда сол мәселелердің бәрін Сенат қабырғасында, республика деңгейінде көтеріп, соны қолдап, шешілуіне бар күшімізді саламыз,* – деді ҚР Парламенті

Жетісу облысына арнайы келген ҚР Парламенті Сенатының депутаттары өңірдегі қордаланған мәселелердің түйінін шешуге жәрдемдесуде. Осы ретте Ғалиасқар Сарыбаев пен Амангелді Толамисов облыстық мәслихат депутаттарымен кездесті. Жиында елдегі заңнамаға енгізілген өзгерістер мен алдағы реформалар талқыланды.

Медет ЖҰМАБАЙ,
«Jetisy»

Сенатының депутаты Амангелді Толамисов.

Жиын ашық диалог форматында өтті. Облыстық мәслихат депутаттары өз кезегінде аймақтың өзекті мәселелері мен

тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Тұрғын үй, құрылыс саласына қатысты заңнамаларды жетілдіру, ауыл шаруашылығын қолдау және туризмді дамытудағы түйткілді істер тұрғысында сөз қозғады. Отбасы банкіне қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады. Қазір үй кезегінде тұрған адамдар аталған қаржы орталығы арқылы баспана алады. Бұл бойынша кейбір заң тетіктерін толықтыру мен банктің ішкі тәртібін қарастыру қажет екені талқыланды.

– *Отбасы банкінен тұрғын үй алу кезіндегі несиелік үй, арендалық үйлерге байланысты қандай қайшылықтар туындап отырғандығын сенаторларға түсіндіріп айттық. Ондағы қайшылықтар мен кедергілерді жою керектігін көтердік. Бұл өте бір жақсы, маңызды кездесу болды. Көптеген мәселелердің басын ашып алдық. Республика деңгейінде шешілетін мәселелердің барлығын сол сенаторлардың алдына қойып отырмыз,* – дейді Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы Гүлнар Тойлыбаева.

✓ АБЫСЫН ТАТУ БОЛСА...



Шаңырақтың шаттығы әйел-ананың салт-дәстүрді сақтауда алар орны ерекше. Талдықорғанда «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен байқау өтті. Шара – «Абысын-ажын» деп аталды.

ЖАРАСЫМДЫЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Гүлжан ТҮРСЫН,
«Jetisy»

Өтенай ауылдық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған ізгі іске бір шаңырақтың келіндері жайнап киініп, қолдан жасаған бұйымдарын ала келді. Байқаудың мақсаты – қазақтың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасын насихаттау. Абысындар арасындағы жарасымды татулықты үлгі ету, жас келіндерді ұлттық рухта тәрбиелеу. Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқау арқылы заманауи келіннің болмысын қалыптастыру.

«Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас кеңесшісі Зәмзәгүл Мұқанова мен бірлестіктің Талдықорған қалалық филиалының бас кеңесшісі Айнагүл Мұқановалар шараны жан-жақты ұйымдастырып, тәрбиелік мәніне баса назар аударғандығы байқалды.

Байқау төрт кезеңнен тұрды. Әр кезеңде қатысушылардың тапқырлығы, өнері, ұлттық дәстүрге деген құрметі сарапқа салынды. Бірінші кезең – «Сәлем – сөздің анасы» деп аталды. Мұнда абысындар бір-бірін әзіл-қалжың арқылы таныстырады. Қатысушылардың ұлттық нақыштағы, бірақ қазіргі заманға сай киім үлгісі де бағаланады. Екінші кезең – «Өнерлінің қолы алтын, өлеңшінің сөзі алтын!». Бұл бөлімде келіндер ән айтып, би билеп, өз қолдарымен жасаған ұлттық колонер бұйымдарын көпшілікке ұсынды. Мұнда фонограмма қолданылмады. Барлығы табиғи, шынайы өнер болуға тиіс. Үшінші кезең – «Өмірдің айнасы – маған пайдасы» деп аталады. Қатысушылар интернеттің

пайдасы мен зияны туралы сахналық көрініс қойды. Төртінші кезең – «Отбасым – кіші Отаным!». Мұнда бүкіл отбасы мүшесі қатысып, салт-дәстүрге негізделген шағын көрініс көрсетті. Байқауға қатысушылардың жасы мен санына шектеу қойылмады. Бір ғана шарт – барлығы бір әулеттің келіні болуы тиіс. Әділқазылар абысындардың ауызбіршілігі мен үйлесімділігіне мән берді. Онда сөйлеу мәнері мен сахна мәдениеті, ұлттық салт-дәстүрді білу деңгейі, киім үлгісінің ұлттық нақыштағы заманауилығы, сондай-ақ, шығармашылық қабілеті мен сахнада өзін еркін ұстауы назарға алынды.

Облыстың аудан мен қалаларынан келген қатысушылар фойеде ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырды. Көздің жауын алатын құрақ көрпелер, бас киімдер, түскіңіздер, зерделі камзолдар ұлттық тарихынан сыр шертті. Байқаудағы бірінші орын Талдықорған қаласына, екінші орын Ақсу, Көксу аудандарына, ал үшінші орын Текелі қаласына бұйырды. Панфилов, Қаратал, Сарқан аудандары ынталандыру сыйлығына ие болды.

Колонершілер қыз жасауына ұлттық нақыштағы заттардың көп сұралатындығын айтады. Қой жәуінен жасалған жамылатын көрпелер жылы және жеңіл болып келеді. Сондықтан, қазақ келіндері колонерді барынша меңгеруіне тырысуда. Бұйым – шаңырақтың көркі және табыс көзі. «Абысын-ажын» байқауына қатысқан келіндердің өзін-өзі ұстауы, әулеттің береке-бірлігін сақтаудағы ұстанымы көрерменді тәнті етті.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

АДАЛ еңбек – адал ТАБЫС



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ өткен жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisy»

Ел Президентінің тапсырмасын іске асыру мақсатында Талдықорған қаласындағы орталық Арбатта «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Адал еңбек – адал табыс» атты бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Шараны облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының облыс бойынша еңбек мобильділігі орталығы мен «AMANAT» партиясы жанындағы «Jastar ruhy Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалы ұйымдастырды.

– *Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде Талдықорған қаласында орналасқан 15 жұмыс беруші 200-ден аса бос жұмыс орындарын ұсынды. Мұндай шара айына бір рет өткізіліп тұрады. Жәрмеңкеде жұмыс іздеп жүрген адамдар, еңбекке жарамды жастағы мүгедектері бар азаматтар, жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білімі бар жұмыссыз қалған тұлғалар, пробация қызметінің аясында тұрған және бас бостандығынан есепіру орындарынан босатылған азаматтар өздеріне лайықты жұмысты таңдауына мүмкіндіктері бар,* – дейді «Jastar ruhy» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының қызметкері Қуаныш Мүслімұлы.

Сондай-ақ, субсидияланатын жұмыс орындарына «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты», «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына, әлеуметтік жұмыс орындары, жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыстарға, мүгедектігі бар азаматтарға арнайы еңбек орындары жұмысқа орналасуға, қысқа мерзімді оқуға, кәсіпкерлікті дамыту бойынша жаңа бизнес-

жобаларды іске асыруға мемлекеттік гранттар алу үшін байқауға қатысуды ұсынды.

Жұмыс ұсынушылардың бірі «Темір сауда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Серіктестік маманы Гауһар Әбілғазина компанияның негізгі қызметтері мен өздерінде бар бос жұмыс орындары жайында әңгімелеп берді. Айтуынша, серіктестікке бүгінде жүк тасымалдаушы, сату жөніндегі менеджер, қойма меңгерушісі мен басшы көмекшілері және компьютер мамандары қажет. Жас аралығы 18-40 жас болу керек.

Сондай-ақ, олар қызметкерлеріне айлық жалақыны уақытылы төлеп, қажетті жағдайларды қарастырудағы міндетті мінсіз атқарады. Мереке күндері сыйақы да беріледі. Мәселен, жүк тасымалдаушының еңбекақысы айына 150-200 мың теңгеден жоғары. Тек, жұмысшыларға қойылатын басты талап – әркім өз ісіне жауапкершілікпен қарау, тәртіпке бағыну, мүмкіндігінше жан-жақты болу.

Өзіне жұмыс іздеп келген азаматтың бірі Аманжол Қожакен. Ол Талдықорған қаласының тұрғыны. Жоғары оқу орнын тамамдаған. Мамандығы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. – *«Оқу істіргелі өз мамандығым бойынша жұмыс істеген жоқмын. Кез келген істі атқаруға дайынмын. Менде несие бар, оны да уақытылы төлеу керек. Жәрмеңкеден екі қолға бір күрек табамын деген үміттемін»,* – деді ол.

Шара барысында техникалық және кәсіптік білімі бар студенттерге «Мансап компания» платформасында кәсіптік бағдар беру, Skills Enbek-те қажетті бағыттар немесе дағдылар бойынша курстар таңдау және «Электронды еңбек біржасы» бірінші цифрлық платформасын пайдалана отырып, жұмыс іздеу және оған орналастыру дағдыларына үйрету бағытында кеңестер де берілді.



БРИФИНГ

Шомылу кезінде САҚ БОЛЫҢЫЗ

Шомылу маусымы басталғалы бері өңірде 2 өлім дерегі тіркелген. Оның біреуі – бала. Екі оқиға да шомылуға рұқсат етілмеген жерде орын алған. Бұл жөнінде Б. Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен баспасөз мәслихатында айтылды.

Биылғы маусым айынан бері төтенше жағдайлар қызметкерлері су айдындарында 7 баланы құтқарып қалған. Осы ретте шомылу кезеңі аясында ТЖ департаментінің қызметкерлері полиция департаменті және еріктілермен бірлесіп 1571 адамның қатысуымен 967 патрульдеу мен рейд жүргізген. Шара барысында 9452 ақпараттық жадынама таратылған.

– *ТЖД қызметкерлерімен су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 412 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке 42 адам тартылды. Биыл облыс әкімдігінің жұмыс*

тобы құрамында шомылуға рұқсат етілген 5, тыйым салынған 76 орынды ұлғайту жөніндегі жұмыс аяқталды. Бүгінгі таңда екі жобаны да облыс әкімдігі рұқсат етілген орындар бойынша және мәслихат тыйым салынған орындар бойынша бекітті, – дейді облыстық ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін атқарушы Бағдат Тыныбек.

Облыс су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жедел-құтқару жасағының байланысында 16 моторлы жүзу құралы бар. 12 темір қайық, 4 катер. ТЖД құтқарушылары демалыс базалары мен балалар лагерьлері орналасқан су айдындары учаскесінің түбін тексеру және тазалау жұмыстарын жүргізіп, барлығы 23 су айдынын тексеруден өткізген.

Сарқан ауданы бойынша күн сайын кезекшілікке 3 құтқарушы, Балқаш көлінің бүкіл жағалауын 2 құтқарушы, ал Алакөл ауданы бойынша күн сайын кезекшілікке 2 құтқарушы, Алакөл көлінің бүкіл жағалауын 8 құтқарушы бақылайды. Сондай-ақ, демалушы туристердің көбеюіне байланысты бұл бөлімше қосымша тағы 4 құтқарушымен жасақталған.

ТЖД мамандары халықты су айдындарына барғанда ереже сақтап, сақ болуға шақырады.

Ясин ОРАЛБЕК

✓ ӨРЛЕУ

КӨПТЕН КҮТКЕН ЖОБА

ОБЛЫСТА ҚОРҒАНЫШ БӨГЕТІН САЛУ ЖӘНЕ АЛАКӨЛ КӨЛІНІҢ БОЙЫНДА СЕРУЕНДЕУГЕ АРНАЛҒАН АЙМАҚ ҚҰРУ БОЙЫНША КӨПТЕН КҮТКЕН ЖОБА БАСТАЛДЫ.

Алакөл ауданының әкімі Алмас Абдиновтың айтуынша, жоба құны 19 миллиард теңгені құрайды. Бүгінде байқау рәсімдері аяқталып, мердігер ұйым анықталған. Жұмыс Көкшетау жағынан басталады. Себебі, қазір Ақшиде жағажай маусымы қызу. Сондықтан ол жердегі жұмыс 10 тамыздан қолға алынады деп жоспарланып отыр. Бұл жобаның бірінші, екінші кезеңінде жағалау аймағы абаттандырылады.

Бірінші кезеңді жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 19 миллиард теңге қарастырылып, бүгінде оның 1,5 миллиард теңгесі бөлінген. Жұмысты 2 жыл ішінде аяқтау көзделуде. Бөгеттің жалпы ұзындығы 13 шақырымнан асады. Жағалауды қорғау құрылысы Ақши және Көкшетау ауылдарындағы көл жағалауын бойлай өтеді. Бөгеттің негізгі міндеті – жағалау аймағын қатты толқындар мен мұз басу салдарынан туындайтын қауіпті жағдайлардан қорғау. Айта кетейік, Алакөл көлінің жағалауын нығайту мәселесі біраз жылдан бері Шығыс Қазақстан облысы мен Жетісу облысы билігінің назарында болды. Осыдан 2 жыл бұрын туристік бизнес өкілдері жобаны жедел аяқтау қажеттігі туралы ашық мәлімдеп, 15 жылдан аса уақыт өзекті мәселенің бірін айналығанын атап өтті. Осы уақыт ішінде көптеген демалыс орындары су астында қалып, бұл бизнеске айтарлықтай зиянын тигізген.

2014 жылы түзетілген «Шығыс Қазақстан облысы Қабанбай ауылы маңындағы Алакөл көлінің рекреациялық аймағын нығайту» жобасы мемлекеттік сараптамадан өткен. Содан кейін жағалау иегінің үш шақырымы бойымен 130 метрге дейін көлдің су айдынына баратын сегіз пирстің арнайы бөгетін салу жоспарланған.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

Алакөл ауданы



✓ СЕНИМ мен ҚАМҚОРЛЫҚ

Елімізде әр азаматтың өмірінде түрлі күтпеген жағдай болуы мүмкін. Жұмыссыз қалу, еңбекке қабілеттілігінен айырылу, отбасылық жағдайдың өзгеруі секілді сәттерде табыс көзі де үзілуі ықтимал. Осындай кезде мемлекет азаматты жалғыз қалдырмай, әлеуметтік қолдау тетіктері арқылы көмек көрсетеді. Соның бірі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ қалай жұмыс істейді?

Сарби ӘЙТЕНОВА,
«Jetisy»

Бұл жүйе Қазақстанда 2005 жылдан бері жұмыс істеп келеді және халықтың әл-ауқатын тұрақтандыруға бағытталған. Біз осы тақырыпты кеңірек түсіну үшін Астанадан келген «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-ның өкілі Гүлбағила Болатбековамен тілдестік.

Гүлбағила Қоңырбайқызының айтуынша, бұл жүйе – еңбек етіп жүрген азаматтарға арналған әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі. Ол «шектеулі ынтымақтастық» принципіне негізделген: әлеуметтік аударымдар тек жұмыс істейтін азаматтар үшін Қорға төленеді және солар ғана төлем алуға құқылы.

Жүйе келесі әлеуметтік тәуекел түрлерін қамтиды: еңбекке қабілетсіздік дәрежесі белгіленгенде; асыраушысынан айрылғанда; жұмыссыз қалғанда; жүктілік пен босану; жана туған баланы асырап алу; бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтімімен айналысқан жағдайда.

«Бұл төлемдер – табыстың орны емес, тек әлеуметтік қолдау құралы», – деп атап өтті маман.

Бүгінде жүйе 6,8 миллионнан астам адамды қамтиды. Өткен жылы 1,4 миллион қазақстандық әлеуметтік төлем алып, оларға жалпы 958 миллиард теңге төленген. Алайда, Қорға түскен жарналар 635 миллиард теңгемден шектелген. Қалған бөлігі Қорда бұрыннан жинақталған қаражат есебінен өтелген. Бұл ретте, Қордың уақытша бос қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастырылуы.

Егер адамда еңбек шарты болса, онда Қорға әлеуметтік аударымдарды жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. Ал азаматтық-құқықтық келісіммен жұмыс істейтіндер үшін әлеуметтік аударымдар тапқан табысынан ұсталып, Қорға жіберіледі.

Гүлбағила Қоңырбайқызы айтқандай, әлеуметтік төлемдердің басым бөлігі аналар мен балаларды қолдауға бағытталады. 82 пайыз қаражат дәл осы мақсаттарға жұмсалып, сонымен қатар, еңбекке қабілетсіздік пен асыраушысынан айырылу секілді ұзақмерзімді төлемдер де бар.

Қор жүргізген тексерулер барысында кей әйелдердің төлем көлемін жасанды жолмен арттыру мақсатында жалған еңбек шартын рәсімдегені анықталған. Олар бірнеше «жұмыс берушіден» жоғары табыс көрсетіп немесе жалған кәсіпкерлік ашып, көбірек төлем алуға тырысқан. Мұндай заңсыз әрекеттерді болдырмау үшін бірақтар өзгеріс енгізілді: әлеуметтік төлем есептелетін табыс ең төменгі жалақының 7 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс; әлеуметтік тәуекел басталғаннан кейінгі Қорға түскен әлеуметтік аударымдар орташа айлық табысты анықтағанда есепке алынбайды. Егер әйелдің нақты табысы заңмен белгіленген шектен асып кетсе, жұмыс беруші оған қосымша ақы төлеуге құқылы. Бұл еңбек шартында немесе ұжымдық келісімде көрсетілуі тиіс. Ал егер ондай норма болмаса, қызметкер оның қосылуын талап ете алады.

Бүгінде төлем алу рәсімі оңайлатылған. Цифрлық отбасылық карта және басқа да IT-шешімдер арқылы азаматтар смартфон немесе ноутбук арқылы өтініш бере алады. Сонымен қатар, «Азаматтарға арналған үкімет» орталықтары арқылы да жүгінуге болады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру – бұл жай ғана қаржылық көмек емес, бұл азамат пен мемлекет арасындағы сенім мен қамқорлық көпірі. Өмірдің түрлі қиын есептерінде әркімнің жанында бола алатын осындай жүйе – қоғамның тұрақтылығының кепілі.

✓ ЕҢБЕК АДАМЫ

«Еңбегі ерге бергісіз» деген сөз бар көнеден жеткен. Талай ердің иығы көтермеген нәзікжандының тірлігіне берген баға бұл. Кешегі Домалақ ана, Айша бибі, Көктемір батырлардың қам-қарекеті талай ерді осылай сүйсіндірді-ау. XXI ғасырға аяқ басқан қазақ елінің егемендікте кешкен үшінші онжылдығында бізге де сүйсінуге тура келіп тұр. Қанша ердің оң жамбасына, қанша азаматтың қолынан келмеген іс бастап, тірлігін дөңгелетіп жүрген «Еңбегі ерге бергісіз» нәзікжанды Алакөл ауданында тұрады. Көл аттас ауданға аты мәшһүр Динара Теңізбайқызы туралы сөз қозғамақпыз.



Дастанбек САДЫҚ,
«Jetisy»

Қоғамда «бірдеңе істеу керек» деп жүргендер көп, істегендер аз. Тірлік бастау туралы сөз қозғағанмен көзін таппай жүргендерге Динара Әділбаеваның өзі де, тірлігі де, сөзі де үлгі. Құдай-ау, мақтауын келістіріп, тірлігінен бұрын өзін аспандатардай не тындырыпты дей көрменіз. Ұшаралдық аяулы жан шұжық өндірісін өркендетіп, жартылай дайын өніммен өңірді қамтамасыз етіп отыр. «Dikosh» атаулы бренд қалыптастырып, осы атаумен әрі дүкен, әрі асхана ашқан кәсіпкер.

«Dikosh»-тың тасын өрге домалатқан нәзікжандының кәсіп еткеніне біршама уақыт болды. Ал, өрлеуге бастағаны жуырда ғана. Не нәрсенің де басталуына идея керек. Ал идеяны нағыз іске ұластыру талайдың қолынан келмес. Жоғары оқу орнын педагог-психолог мамандығымен тәмамдаған замандас бір сәтін де мектеп қабырғасында өткізбепті. Тұрмыстың дарытқанын дағдыға ұластыруға арнапты бар уақытын. Әуелде дастарқан даярлау, ас пісірумен тұрғындар тарапынан сұраныс тудырған. Заманауи үлгіде ас мәзірін жасақтауға дағдыланған кәсіпкер дайын өнім даярлауды көп армандапты. Тойхана мәзірін мейлінше меңгеруге 10 жылдай уақыт өткен соң шұжық жасауға бел шеше, білек сыбана кіріседі.

– Қоғамдық орында ас даярлау үлкен жауапкершілік жүктейді. Той-томалаққа тамақ даярлауда тугандарыңның да көмегіне жүгінуге тура келеді. «Жалғыздың шаңы шықпайды» деген, жалғыз үлгірмейсің. Оның үстіне әрбір даярланған ас дәмді болуы тиіс. Ауданға осылай танылды, – дейді кейіпкеріміз.

Шұжық істеу кәсібін бастағанда көп қиындық болған. Әуелгісі ғимарат. Мұндай өндірісті қолға алғанда аумағы үлкен нысан қажет. Оны жалға алған Динара Теңізбайқызы бір бағытта жұмыс істеуді құп көрмейді. Жартылай даяр ас даярлауды да құп көреді. Мәселен, тұшпара. Ұшаралдық кәсіпкер оның үш түрін даярлайды: мал етімен, құс етімен және диеталық. Қазір Динара барлық полуфабрикатты үш түрде даярлап келеді. Айтпақшы, шұжықтан бөлек қазы, сүрленген құйрық май да жасап

жүр. Қазір қыз біткен коллаген тұтынып жүр. Сұлу болу үшін, сымбатын келтіру үшін. Әлем енді мойындаған дүниені дана қазақ әлдеқашан ескеріп қойған. Баба жұрт «Ет – етке, сорпа – бетке» дейді. Жұрт коллагенді сатып ап жүр. Шын коллаген сорпада. Өйткені бұл дүние өзі сорпадан өндіріледі. Мұны ескерген Динара Теңізбайқызы 2 түрлі сорпа да даярлайды. Бірі қара сорпа, екіншісі коллагенге бай, 36 сағат қайнаған сүйек сорпасы.

Бұл сорпаны не үшін даярлайды дейсіз ғой. Қазір қым-қуыт тірлік уақыты. Ешкімде уақыт жоқ. Қол бос емес сәтте ас даярлау қиынның қиыны. Осындайда аудан тұрғындары «Dikosh»-қа келіп сорпа сатып алады, оны үйде ысытып, қамыр-ауқат салып жіберсе жетіп жатыр, ас даяр. Одан бөлек, кәсіпкер уақыт көшінен қап жатқан жоқ. Дүкенде толып тұрған жұрт қытай лапшасы немесе «бишпакет» деп жүрген жылдам даярланатын кеспені де жасақтап қойған. Бір дорбадағы аста сорпа, кеспе, ет, қазысы бар. Дүкендегі қытай кеспесінен айырмасы табиғи өнім. Ал даярлануында айырмашылық жоқ, кеспе 5 минутта даяр болады.

– Жұрт кәсіптің басталғанын, жұмыс істеп, өркендеп жатқанын көреді. Бірақ оның өз қиындығы бар. Бірде бір жылқының еті мен сиыр еті алып өнім даярладық. Жартылай дайын өнімге сұраныс болғасын еттің көп бөлігін сонда жұмсадық. Етті өңдеуге екі-үш күн уақыт кетті. Содан даяр асты мұздатқышқа салып, цехтан тараймыз. Ертеңіне келсек, мұздатқыштағы өнім толық бұзылған. Өйткені түнде электр жарығы өшкен.

Сол аймақ түнде жарықсыз болыпты. Миллион теңгеден астам өнім далаға кетті. Жарыққа жауапты жергілікті мекеменің есігін талай тоқылдаттық. Әкімдікке де бардық. Ешкім біздің шығынға жауап бергісі жоқ. Осындай қиындықтарға қарамай алға ұмтылып келеміз, – дейді Динара Теңізбайқызы.

«Dikosh» даярлаған тауарлар «Бір ауыл – Бір өнім» бағдарламасына қатысты. «Қорғаста» өткен үш күндік өңірлік көрмеде көп дауыс жинап, жеңіске де жетті. Осылайша жеңімпаз кәсіпкер «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының қайтарымысыз грантын да алды. 5 млн. теңгені кәсібін дөңгелетуге бағыттады. «Dikosh»-тың атын тек Алакөл ауданында ғана емес, облыс көлемінде танымал етуде.

– Даяр өнім шығару үшін көп іздену керек. Оқу керек. Елімізге танымал кәсіпкерлерден тәлім алдым, үйрендім. Олар тегін үйретпейді (күліп). Іздену нәтижесінде шұжық даярлаудың қырсырын меңгердік. Бұға піскен шұжықтан бөлек қақталған, сүрленген түрлерін де даярлап жатырмыз. Біз әзірге шағын кәсіптік нысанбыз. Елімізде осы салада еңбек етіп жүрген алыптармен иін тіреспіп, олардың нарығына шығу аса қиын. Осындайда жергілікті билік сатысынан қолдау болса. Қазір орналасқан ғимаратқа жалға беретін қаржымызды істі өркендетуге бағыттасам. Ол үшін бізге ғимарат салғанға жер керек, – дейді Динара Теңізбайқызы.

Ұшаралдық кәсіпкер, «Dikosh» брендінің иесі турасында көп дүние жаздық. Бастысы «Ерге бергісіз еңбек» иесі талайға үлгі болуы тиіс.

Алакөл ауданы

✓ ҰЛТТЫҚ КОД



ЕСЕР ӘНГЕ ЕЛЕНДЕГЕН ЗАМАН

Қай тақырыптан бастасақ та, қай мәселеден сөз қозғасақ та ақыр түбінде Абайға ораламыз. Бірақ Абайдың өзіне емес, сөзіне қайырылып, хакімнің шын сөзіне шөлікпейміз. Көкейге кіріп, көкірегімізге ұялаған: «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын кесері бар» деген бір ауыз ғибраты бүгінде тұтас қоғамға айтылған ескертудей. Дәл айтылған. Дәлелді де. Абай дананың ескерткенін елеместен, елді «құлақ кесер» әндермен еліктіріп жүргендер аз емес. Бір таңғаларлығы, оларды көбі жек көрмейді. Қайта мақтап, еліктеп, есіріп тыңдайтын жұрт та жетіп артылады.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisy»

Қазіргі таңда халықтың құлағы құлақ болудан қалды. Ұятты сөзге, ұрда-жық ұйқасқа үйреніп кетті. Әйтпесе «Шымкенттің қыздары зың-зың» дегені не сұмдық?! Бұдан қандай тәрбиелік тағылым алмақпыз? Тұтас өңірдің нәзік жандыларын жарты әлемге жарнамалаудың жаңа үлгісі осы ма? Әлде бүгінгінің «әлеуметтік өнері» хайп пен күлкіге құралған кекесін бе?

Сол секілді, Ерке Есмахан деген әнші «Алматыда жоқ-жоқ, Астанада жоқ-жоқ» деп ел кезіп жүріп, ақыр соңында «сыранын» тапты. Жарайды, жолы болды. Бірақ сол іздеген еркегі Райм атты тағы бір «сөз зергері». Оның әнінде: «Көз қорқақ, қол батыр, Сені көргім кеп баратыр», – дейді. Ал енді өзіңіз ойлап көріңізші, бұл қандай тіл?

Бұл тіліміздің «мүгедектенген» бір мысалы ғана. «Баратыр» деген не сөз?! «Ұйқасқа» бола тілдің көркемдігін осылайша тұншықтыру сауатсыздықтың сорақы түрі.

Тағы бір мысал Бейбіт Қорған мен Аргония деген қос әнші бар. Бір әндерін тындап көрсең, «Кірмей қала ма деп қорқамын» деген жол жеті рет қайталанатын. Сегізінші жол күтесің жоқ. Енді не айтпақ? Не жеткізбек? Бұл ән бе, әлде эмоциямен өшкен WhatsApp хат па? Эротиканың да естісі де болады ғой. Есенқұл Жақыпбектің:

«Көйлегің қандай әдемі,
Кимей-ақ қойшы сен бірақ» дегеніндей, ең құрығанда салмақ болса ше. Мәселен, ақынның бұл өлең жолында иірім бар. Образ бар. Сол арқылы тұтас нәзіктік, наз, ұяңдық, тіпті ұяттың өзі әдемі өріледі. Қазіргілер ше? Ашықтан-ашық, жалаңаштап беретін «лирика» ғана.

Тағы бір Қанай деген әнші: «Пух, атып тастадың мені, Жүрегіме оғың дәл тиді» – деп жатыр. Бұл не? Құмарын аша алмай жүрген кімнің арманы?

Жарайды, бұл ән де «өгіп» жатыр. Себебі оған сұраныс бар. Сұраныс болса, барлығы жасалады. Бірақ осы «сұраныс» дейтұғын полекетті кім жасап жүр?

Біреулер «жастар тыңдайды» дейді. Сол жастардың тіліне қарап отырып біз бүгін «қатыраш болд миымды» деген сөз тіркесіне де куә болып отырмыз. Бұл түк емес, өткенде (клипті әлі шықпаған болуы керек) бір әннің сөзін әлеуметтік желіде естіп қалдым. Онда «сен менің зайыбымысың, мен сенің айғырыңмын» дейді. Осындай «ән» деп аталатын шимайлар интернет кеністігін толтырып тұрғанда, Мұқағали атамыздың «Шәмшіге айт, тағы да бір таңдандырсың» деген сөзі есіне тү-

Ән – заманның айнасы. Ал егер бүгінгі айнамыз күңгірт болса, біз өз бейнемізден безіп, өз сөзімізден жеріп бара жатқан шығармыз. Онда бір-ақ амал бар – қайта Шәмшіге оралу. Қайта Мұқағалиға үңілу. Қайта Абайға жүгіну. Өйткені, рухтың тынысы – сөзде. Ал сөз түзелмей ел де түзелмейді.

седі. Себебі Шәмші таңдандыра білді. Ол таңдай қақтырды. Ол тыңдарманның талғамына тарлық қылмайтын сазгер еді. Ал қазіргілерді тыңдасам, «әнші» Алина Шакиева айтқандай, «Ұйқым келмейді». Мүмкін «махаббат маза бермейді». Содан кейін осындай әндерге «қош бол дегің келеді, тағы бірдеме дегің келеді».

Иә, өкінішті жалаңаш жолдар. Жансыз ұйқас. Жайдақ ырғақ. Осының бәрін ән деп қабылдап, елге үлгі көріп отырмыз. Ганвест деген (ұлтты кім екен?) әнші «На рахате» деген әнде былай деп соғады:

«Қойше-е, қыздар на рахате,
Балдар на рахате».

Не деген ракат! Бірақ ол ракаттанған ұрпақ ертен кім болады? Мәдениеттің мәйегін көрмей өскен санасыздың келбеті қандай?!

Бұрын қазақтың келіндері ошақтың маңында ыңылдап жүріп, баласының бесігіне ән арнайтын. Бүгінгі әндерді қосып қалсаң, құлағыңнан ұят кіріп, бетіңнен шығады. Кешегі қайран жеңгелеріміз ыңылдап:

«Ебелектей жел аңсаған,
Көбелектей сұл аңсаған,
Келем саған» – деп Шәмшіге оралатын еді.

Қазіргі кей әндерде автор, композитор кім екені белгісіз. Тек бір түсініксіз псевдоним, бір шулы клип, басты кейіпкер бір тырдай қыз, бітті. Бұрын әншіні ақын іздейтін, бүгін ақынды әнші «жазып» алады. Енді ешқашан Қадыр Мырза Әлидің:

«Бұрымың Мыңбұлақта туган ару,
Сол жердің мың бірінші бұлағындай» – дегені қайталанбайды. Ондай теңеу де жоқ, түйін де жоқ. Ең қиыны, ақындықтың арқауы үзіліп, өнердің өзегі шіріп барады.

Классиктер кем. Қадірлілер сырт айналған. Марқұм Есенғали Раушанов ағамыз «Мен 1991 жылдан бері теледидар қарамаймын, соның ішінде қазақ дидарын қарамаймын» дегеніндей, қазіргі әншілерді бүгіннен бастап тыңдамауға болады.

Қазір бізге әннің шынайылығы емес, шулығы маңызды. Мағынасы емес, маркетингі өтімді болсын дейді. Сондай заманда Абайдың сөзі ғана емес, бүкіл рухы сағынышқа айналды. Хакім айтқан: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген тілек бізге аманат, бұйрық.

Өткен ғасырдың ортасында тағдыр тәлкегімен тау асып, тас басып, арып-ашып Анадолы жеріне келген мыңдаған қазақ отбасын өз бауырым деп құшақ жайып қарсы алған Аднан Мендерестің рухына тағзым етемін. Құшағы кең барша Түрік халқына алғыс айтамын.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Сенесіздер ме, Жанымхан Жаналтаймен сұхбаттасқанда жанарымнан аққан жасты тоқтата алмадым. Сөйлесіп отырып егілдім. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты, кеңестік биліктің озбырлығына шыдамаған қазақ «Елім-айлап» Қытайға ауған еді. Ал Шығыс Түркістанды ежелден мекендеген қандастарымыз Қытай коммунистерінің қысымына шыдамай Барсакелмес атанған Гималайдан жаяу-жалпы өткен. Ондағысы – басқаға бодан болмау. Не болса да қиырдағы қандасына жетіп жығылу. Мұсылмандықтан айырылмай. Сөзім дәлелсіз болмасын деп мақаламды Жанымханнан естіген деректермен сабақтамақпын. Жанымхан бауырымыздың атасы – Жанымхан Тілеубайұлы Қытай Халық Республикасының құрамындағы Шығыс Түркістан республикасын құру үшін бас көтерген адам. 1946 жылы құрылған Шыңжаң Өлкелік үкіметінде Қаржы министрі болып қызмет атқарған. Жанымхан Тілеубайұлы 1946 – 1949 жылдары көптеген қағаз ақшаға төте әріппен қолын қойған. Бұл қазақ тарихында заманауи ақшада қолы болған тұңғыш Қаржы министрі.



АТАЖҮРТ РУХЫН АСҚАҚТАТҚАН

Тақыр жерге шөп шықпайды. Біз сұхбаттасып отырған Жанымхан Жаналтайұлы сол Жанымханның шөбересі. Ол Стамбұлдағы Гүнешли ауданында туып-өскен. Англияда білім алған. Алматыдағы Қазақстан – Америка университетін IT мамандығы бойынша тамамдаған. Оқу бітірген соң «Самұрық – Қазына» холдингіне жұмысқа орналасып, онда 9 жыл қызмет атқарған. Кейіннен Астанадағы халықаралық қаржы орталығының IT бөлімін басқарады. Бүгінде Жанымханның Қазақстанда «Ozga Services» атты консалтингтік компаниясы бар. Қаржы орталығына клиенттер арқылы 500 миллион доллар актив тартылған. Бұл – ел экономикасына құйылған инвестиция. Осылайша қиырдағы қандасымыз Стамбұлда тұрып-ақ еліне пайдасын тигізіп жатыр.

«Қазақент Алтай Дернегі» қауымдастығының басшысы Жанымхан Түркия қазақтарының үшінші буыны. Ол төртінші буынның қандастық қасиетін ұмытып кетпеуі үшін еңбектенуде. Стамбұлдағы қазақ жастарын жинап алып: «Сендерге футбол клубын ашып берейін бе, жоқ домбыра үйірмесін ашайын ба?», – деп сұрайды. Сонда қазақ жеріне табаны тиіп көрмеген Алаш ұрпақтары «Домбыра, домбыра» деп айқайлап жібереді. Бұған қуанған Жанымхан Гүнешли ауданының әкіміне барып, балаларды домбыраға үйрететін орын тауып беруін сұрайды. Аудан басшысы қазақ бауырының сөзін жерге қалдырмайды. Содан сабақты жүргізетін ұстаз тауып, балалардан «Домбыраларың бар ма?» деп сұрайды. Барлығы бар деп жауап береді. Ертеңінде балалар үйірмеге келгенде бір өреннің құшағындағы домбыраны көрген Жанымханның тамағына өксік тығылады. Ұл бала 1940 жылы Гималай асып барған бабасының ескі, қырық жасуау домбырасын скотчтап, шапшылп қалмасын деп кеудесіне әкеліпті. Әлгіге қарап тұрып: «Барлығыңа домбыра тауып береміз. Әзірше осылай амалдай тұрыңдар. Қам жемендер. Сабақтан қалмаңдар», – деп тіліне оралған «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзді іштей қайталап, жанарына үйірілген жасты балаларға көрсетпеу үшін бұрғылып кетеді.

Алтайдан шығып, мың өліп, мың тірілген қазақ 12 жыл жан алып-жан берісіп, көшіп-қонып жүрсе де домбыраны мұсылман еліне аман жеткізіпті. Одан балалары тағы 74 жыл қастерлен, сақтаған. Жыламай көр. Жүрегің тас болса да егілесің. «Ішімнен «Жанымхан деген атым барда, кеудемде қазақтың қаны барда балаларға бір-бір домбыра әперемін деп түйіндім», – дейді елжанды азамат. Балаларға дәріс беретін мұғалімге айлықты «Отандастар қоры» төлейді. Қазақтың елжанды, рухты қызы-жігіттері сатып алынатын домбыраға қаржы қарастырады. Содан Қазақстанға келіп, саналы домбыра жасайтын адам іздейді. Оған Түркиядағы қазақ жастары хабарласып, Алматыда мықты домбыра шебері тұратынын айтады. Атымылдан мекенжайға барса шебер Түркияда туып-өскен, домбыра жасайтын қазақ Әмір Қаның шәкірті болып шығады. Тәуелсіздік алған соң атажұртқа қоныс аударып, домбыра жасаумен айналысқан Әмір аға шәкіртіне бар білгенін үйретіп кеткен екен. Түркия қазағанын тәлім алаған шебер Стамбұл жастарына домбыра жасады. Шебер 120 мың теңге тұратын домбыраны жарты бағасына берді. Бұл 40 домбыраға тапсырыс бергеннен 80 күмбірілген домбыра Түркиядағы қазақ балаларының қолына тиеді. «Қазақстанды көрмеген баланың сынық домбыраны құшағына қысып ұстап жүргені жанымды тебентті. Егер соны көрмегенде домбыра іздемес пе едік?! Сол балалар бүгінде оркестр құрып алады», – дейді қандасымыз кеудесін кере қуанып. Енді екеуара әңгімені сұхбат түрінде баяндаймын.

– Жанымхан, өткен уақытқа шегініс жасасақ. Ата-аналарыңыз Түркияға қалай барған? Қандай күй кешкен?

– Әке-шешеміз Түркияға ресми түрде 1952 жылы келген. Шығыс Түркістаннан 1930–1944 жылы кеткен. Қытайдың коммунистік партиясы 1930 жылдан бастап қазақтарды басып-жаншып, қысым көрсете бастаған. Кейбір қазақ басшыларын қызметтен қуған. Содан қазақтар басы осылай басталса болашағымыз қандай болмақ деген ойға келіп, бодандыққа қарсылық білдіріп, көтеріліске шыққан. Қазақтармен бірге мұсылман дүнгендер де қытайға қарсы бас көтерген. Өкінішке қарай, басқалар қазақтарды табандылық таныта алмаған. Содан аталарымыз Қытай еліне қарсы тұруға қауқары жоқ екенін біліп, бала-шағаны қырып алармыз деп басқа жаққа көшуге бел буады. Алғашқы көш 1940 жылы қозғалған.

Алтайдан Гималай асып, таудың суығына, Такламакан шөлінің ыстығына шыдай алмай жол бойы қырылған. Олар Гималайдың шыңына жеткенде оттегінің жетіспеуінен «ыс» деген кеселге шалдыққан. Бұл – адам күп болып ісіп, бір тәулікте өмірмен қоштасатын дерт. Алтайдан Анадолыға жеткен көштің қоныстанғанына 74 жыл. Бұл – ұзақ та қайғылы көш. Көшті 7 башы кезек-кезек басқарып, 12 жылда халықты Түркияға жеткізіп, қоныстандырған. Тарихи деректерде қаралы керуеннің құрамында 18 мыңнан 46 мыңға дейін адам болған. Ауа райының қолайсыздығына шыдамаған көп адам жолда шейіт болған. Шейіт дегенің себебіміз, олар ұлттық қасиеттерін сақтап қалу жолында жанын пида етті. Ауа райы қолайсыз елдерде тұрғанда келіншектер бала көтере алмаған. Қазақтар Пәкістанға тұрақтағанда АҚШ елшілігі қазақтарды өз жеріне шақырып, барлық жағдай жасайтындарын айтады. Бірақ, қазақтар түбі бір Атажүрік еліне ғана баратындарын жеткізген. Көшбасшылар Түркия елшілігіне өздерін қабылдауды сұрап хат жазды. Бұл – көштің соңы азып-тозып, күн-күл

болып кетпеуі үшін көшбасшылар мен рубасыларының мақсатты түрде жұмыс істегенінің дәлелі.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның Премьер-Министрі Аднан Мендерестің рухына тағзым етті. Оның қазақтарға жасаған жақсылығын таратып айтсаңыз?

– 1952 жылы Түркияның Премьер-Министрі Аднан Мендерес қазақтарды Түркияға заңды түрде қабылдады. Қазақтар алдымен Стамбұлдағы Зейтінбұрны, Сиркежи және Тузла иммигранттық қонақ үйлерінде екі жыл тұрады. Олар тілдік және кәсіптік білім алды. Аднан Мендерес қазақтардан қандай жерге қоныстанғысы келетіндерін сұрайды.

Қазақтар Шығыс Түркістандағыдай таулы, кең жазықты аймақта өмір сүргісі келетінін айтты. Оларға мал жаятын дала керек болған. Түркияның астанасы Анкарадан 320 шақырым жердегі аумақтан оларға 164 үй салып береді. Қарапайым халық оны «Мендерес үйлері» деп атайды. Қазақ өзіне жақсылық жасаған адамды ешуақытта ескерусіз, атаусыз қалдырмаған. Сөйтіп, ауылдың аты Алтай болса да қарапайым халық ол мекенді «Мендерес үйлері» деп атап, туысканымыз деп қабылдаған адамға құрмет көрсетеді. Үй салынғаннан кейін Аднан Мендерес халықтың жағдайын білуге тағы да барған екен. Аруағыңнан айналайын Аднан бауырымыздың арқасында бүгінде Түркия қазақтарының саны 30 мыңға жуықтады. Ол кезде қазақтарды ешкім білмейтін еді. Қазақстан мемлекет ретінде танылмаған. Содан Атажұрттан келген бауырларымыз деп Түріктер төрінен жер беріп, ата-бабамыздың кәсібін ашып, нәсібін табуға мүмкіндік тудырған. Мұсылмандық деген осы емес пе?! Бабаларымыз Алтайдан Анадолыға дейін 10 000 шақырым жолды жүріп өткен. Сол жолы 1850 адам қабылданған. Содан кейін бауырлары сағалап тағы көптеген қандасымыз Түркияға көшіп келеді.

– Қазақтардың Түркияға қоныстанғанына 74 жыл. Осы жылдарда олардың тарихы қалай қалыптасты?

– Қазақ даласынан келген босқындар Анадолыдағы Бозтау маңындағы Маниса Салихли, Хасантау маңындағы Нигде Алтай ауылы, Невшехир Аксарай және Ержиस्ताуы етегіндегі Кайсери Девели сияқты аймақтарға қоныстанған. Сөйтіп Түріктер бізге суықта пана, ыстықта сая болды. Біз өсіп келе жатқанда түріктермен текетіресіп қалсақ немесе бірнәрсені бөлсек салынса Түріктің үлкендері бізді жақтайтын. «Бұлар бізге Орта Азиядан, бабаларымыздың табанының ізі қалған жерден, қасиетті мекеннен келген. Жол – қазақтікі» дейтін. Олар қазақ деген елді білмейтіндіктен кейде «Түркістаннанбыз» деп айтатынбыз.

Кейіннен 1961 жылы Түркия мен Германия арасында «Түрік-Неміс еңбек келісімі» жасалады. Нәтижесінде 1962 жылы қазақтар Түркиядан Германияға жұмыс іздеп кетті. Сол жылдары Түркия жұмыс күшіне мұқтаж басқа Батыс Еуропа елдерімен осындай келісімдер жасасқан еді. Осы келісімдер аясында 1980 жылдардың басына дейін қазақтар Түркиядан Швеция, Франция, Австрия, Норвегия, Дания және Швейцария сияқты Батыс Еуропа елдеріне қоныс аударды. Соның ішінде Германияға барғандар көп болды. Қазір онда бес мыңдай Түркия қазағы тұрады.

– Бабаларымыз Анадолы жеріне барған соң қандай кәсіппен шұғылданған?

– Олар көшпенділіктен отырықшылыққа тез ауысты. Теріден қолғап, бас киім, мәсі, тақия тігіп, сауда жасапты. Кейіннен шағын цехтар ашып, ақша таба бастады. Бірнеше отбасы табыстарын ортаға салып, тігін цехтарын ашты. Балалар түрікше білім алды. Олар 15–20 жылда қалыпты өмір сүре бастады. Бір қуанарлығы, қазақтар ешкімге алақан жаймаған. Өкіметке масыл болмаған. Өз еңбектерімен аяғынан тік тұрып кетті. Қазақтар мал және мал өнімі атакәсібі болғандықтан тері илеуді жақсы меңгерген. Түркияда тері бизнесін біздің қазақтар бастаған десек қателеспейміз. Бұлар бірінші буын. Екінші буын сонда білім алғанлар. Мен үшінші буынға жатамын. Біз қазақ жастарының елжандылық қасиетін оятып, тәуелсіз ел екенімізді айтып, жастарды қазақшаландыруға еңбек етіп жатырмыз. Домбыра үйретудеміз. «Қазақ кент» деген шағынаудан бар. Түркияда ұлттық мәселені ойлау

Doğu Türkistan'dan Hindistan'a iltica eden (350) Türk ile ayrıca Hindistan, Pakistan ve Suudi Arabistan'a sığınmış olan beş bin Türk'den (1500) kişi olmak üzere ceman (1850) Türkün iskânli göçmen olarak yurdumuza kabulleri; Devlet Bakanlığının 10/3-1952 tarihli ve 3232-C-3035/12765 sayılı yazısı üzerine; Bakanlar Kurulunca 13 / 3 /1952 tarihinde kararlaştırılmıştır.



CUMHURBAŞKANI
C. Zeynep

Түркия министрлер кабинетінің 1952-жылы 13 наурызда 1850 қазақты (құжатта түрік деп жазылған) мемлекетке ресми қабылдау жөніндегі шешімі. Құжатқа Түркия Республикасының сол кездегі президенті Жәлел Баяр және Премьер-министр Аднан Мендерес бастап, үкіметтің 16 министрі қол қойған.

бізге нәсіп болды. Стамбұлда бүгінде 10 мыңдай казак тұрады. Түрік пен казактың түбі бір екені біте қайнасып кеткеннен-ақ белгілі. Бүгінде мемлекеттер арасы жақсы.

– Қазақстанның тәуелсіздік алуы Түркия қазақтарына қалай әсер етті? Руханиятында өзгерістер болды ма?

– Қазақстанның тәуелсіздігін Түркия бірінші болып мойындағаны баршаға мәлім. Анадолыдағы қазақтар қуаныштан беркін аспанға атты. Ертенгі күнге сенім артты. Көк туды елден алдыра бастады. Шаралар өткізгенде Көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды айтып, жанарымыз жасқа толатын. «Көкту» атты қауымдастықтар құрылды. Бұл ата-бабаның қанымен берілген арманның орындалғанын жан-дүниемізбен сезінуіміз еді.

Түркия басшысы Тұрғыт Өзалдың жар салуымен Түркияның Қазақстанның тәуелсіздігін әлемге паш етуі кеудеге мақтаныш оятты. Содан бері екі бауырлас елдің достық қарым-қатынасы күн санап нығайып келеді. Бүгінде қазақтар атамекеніне жиі қатынайды. Іскер байланыстар орнатты. Бұл Отансыз жетім баланың күйін кешкен түрік қазақтары үшін өлгені тіріліп, өшкені жанғандай қуаныш еді. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерейтойы аясында Зейтінбұрныда бір көшеге Абай есімі берілді. Түркия Республикасының қазіргі президенті Режеп Тайып Ердоғанмен бірге көшенің тұсаукесер рәсімін жасады. Кейіннен Түркияның біраз қалаларында Абай, Абылай хан, Қабанбай батыр, Нұрсұлтан Назарбаев ескерткіштері, Мұстафа Өзтүрік саябағы ашылды. Қазақстан Тәуелсіздік алғанға дейін Түркия қазақтары Анадолы жеріне Ауғанстан, Иран, Иордания, Сауд Арабиясы, Шығыс Түркістаннан келген қандастарға көмек қолын созды. Олардың біразы Түркияға қоныс аударды. Біз Түркияның мәдени шараларына біркәсідей атсалысамыз. Тұран Бабадур деген бауырымыз тері өңдеп, ұлттық киімдер тігуде алдына жан салмайды. Түріктер тарихи фильмдеріне киімді көбінесе Тұран бауырымызға тіккізеді. Оның тауарына Араб Әмірліктері, Ресей, Канада, Австралия, Украина және Еуропадан сұраныстар түсеуде.

– «Қазақент Алтай Дернегі» қоғамдық ұйымы Түркиядағы қазақтарды бір-біріне жақындастырып, елдістіріп жүргенін білеміз. Бүгінде атқарылып жатқан шараларға тоқталсаңыз.

– Қазақтарды тілін, дәстүрін, бауырмалдық қасиетін ұмыттырмай, ұлттық құндылықтарымызды арттыру үшін әртүрлі шаралар өткізуге тырысамыз. Қазір әртүрлі ағымдар, үрдістер жастардың санасын улап барады. Шетелдегі қазақтар сондай жағдайларға жұтылып кетпес үшін ұлттық мерекелерімізді, салт-дәстүрімізді барынша дәріптейміз. Түркияға келген қазақтардың төртінші буынын ұлттық сана-сезімге, елжандылыққа тәрбиелеудеміз. Балалардың тілі, домбыра үйренуге ынта-жігерін артыру үшін түрлі идеялар ойлап табамыз. Әйтпесе «Сен қазақтың қазақша білуің керек» деген сөз сіздің жастарға өтпейді. Еуропадың қасиеттерін қазіріп алмасын деп балаларды барынша ұлттық дәстүрге қызық

тырудың амалдарын қарастырамыз. Осылайша казак тілін үздік оқыған 10 баланы «Отандастар қоры» арқылы Бурабайға лагерге жібердік. Түркияда жастар мен балаларға арналған ивент өткіздік. Көп жас жиналды. Сонда менің балам: «Әке, қарашы, бізге ұқсайтын адамдар көп екен» деп екі езуі екі құлағына жетіп қуанды. Қан дегенді қойсаңшы! Кіп-кішкентай жүрегі дүрсілдеп, қандастарын көргенде жанарында жарқыл пайда болды. Жастар бұрын селкөс жүретін еді. Осындай шараларға барған сайын отансүйіштігі оянып, артында қалың қазағы бар екенін сезініп, еңселенді.

– Жанымхан Жаналтайұлы, «Стамбұлда ұлттық мәселені ойлау бізге нәсіп болды» делініз. Алдағы уақытта казак жастарының намысын ояту, ұлттық мәселелерді қолдау барысында қандай шаралар атқармақшысыздар?

– Гүнешли ауданында 1200 үкіметтік емес қоғам жұмыс істейді. Түркияда жер сілкінісі болғанда ең көп гуманитарлық көмек жинаған біз екенбіз. Мұны білген жоқпыз. Әкімдік өкілдері ауызшар кезінде қазақтарға алғыс айтып, ризашылығын білдіргенде естідік. Түрік журналистері бізден көп сұхбат алды. Қазақтардың бауырмал екенін көрсетті. «Қандастарымыз жаралды» деп жарияға жар салды. Бүгінде жастарға ұлттық ойындар үйретуді қолға алмақпыз. Біздің балалардан мықты спортшы шығатыны белгілі. Бірақ, оларды Түркияның ұлттық құрамасына кіргізу мүмкін емес. Сондықтан мен жуырда Қазақстан ұлттық федерациясының басшылығымен кездесіп, көкейімдегі ойды айтып. Олар маған Түркиядағы ұлттық федерацияның өкілі мәртебесін берді. Енді менің ол жерде сөзім жүретін болады.

Былтыр «Қазақспорт» әуесқой клубын аштық. Волейбол ойынында тәжірибесі мол, кәсіпқой команданы жаттықтыратын қазақ қызы Зейнеп банкер боламын деп отыр. Әкімдікте спорт клубында еңбек ететін қазақ Халил баскетболдан бар білгенімді үйретемін деп құлшыныс білдірде. Ойымыз іске асса осы екі клубты Түркияның үшінші лигасына шығармақпыз. Қазір Түркияда қазақтың абыройын көтеретін сол клубтың қамымен шапқылап жүрміз. Ендігі бір арманымыз – Қазақстаннан ағаштан жасалған, барлық жасауы бар қазақ үйі әкелу. Сондай үй жасайтындар болса бізге хабарласса нұр үстіне нұр болатын еді. Стамбұлдың ортасына тігіп, қасындағы экраннан қазақтың Түркияға келудегі тарихи жолын баяндайтын бейнеролик жүргізіп қоймақшымыз. Ол жерде Көк туымыз да желбіреп тұрса дейміз. Бүгінде «Елім-ай» деп басталған көшпен жан-жаққа тараған қазағым 42 мемлекетте жүр екен. Солардың ұрпағы ұлттын, дәстүрін ұмытпауы үшін жұмыс жасай береміз.

– Жанымхан Жаналтайұлы, жан тебіренер әңгіменізге рақмет! Тарыдай шашылған қазағым қай қиырда жүрсе де аман болсын!

Сұхбаттасқан Гүлжан ТҮРСЫБ



✓ ТАСЖАРҒАН ←

Қуан, қазақ! Күні кеше ғана Бейжің қаласынан қуанышты хабар жетті. Аузынан от бүркіген айдаһарлы елде өткен дүбірлі додада қазақ баласы жүлделі орыннан көрініп, қазақ тарихына жаңа бір есімді жазды. Бәріңізге белгілі, 2008 жылы Бейжің Олимпиадасында жетісулық Нұрбақыт Теңізбаев күрестен қола медальді еншілеген еді. Енді, міне, араға біраз жылды салып, парасадақ атудан Азия чемпионатында жерлесіміз Нұршат Төлеуқасым жекелей сында қола тұғырдан қол бұлғады. 2023 жылы да осы Нұршат Төлеуқасым алғаш рет Азия чемпионатында жұптық кезеңде қолаға қол созып, ел қоржынына алғашқы жүлдені салған еді. Енді, міне, жекелей сында да бағы жанып, тарихты жаңартып отыр.



САРЬЕСІКТІҢ САҢЛАҒЫ



Ришад ТҮРҒАНБАЙ,
«Jetisy»

БІР КЕМ ДҮНИЕ

Жарыс жайлы жазбас бұрын сәл шегініс жасап, Нұршаттың өмір тарихынан аз-кем ақпар бере кетейін. Қаратал өзенінің Балқаш көліне құяр сағасын ежелден Сарыесік деп атаған. Осынау бір тарихи атаудың берілуінде де өзіндік мән бар. Көл жағалаған халық Балқаштың жағасындағы ну қамысты жарып, есік жасайды. Сол арқылы көл бетіне шығып, Көкше теңізден маржан сүзіп, өз нәпақаларын табады. Осылайша отырықшы жұрт көлге өтер өткелді «Сарыесік» деп атап кеткен-ді. Міне, сол бұйраланған құм мен Көкше теңіз жағасында кішкене ғана Көпбірлік деген ауыл бар. Нұршат осы ауылдың тумасы. Талай тарландардың томағасын сыпырған киелі ауылдың баласы бабаларындай батыр, өжет болып өсті. Арғы аталары қолына қылыш алып, жауға шапқан баһадүр Бәйшегір бабасы мен елдің ұраны болған Мықтыбек би. Атасы Терлікбайдай найзасы қайралып өскен өскін сол

ауылдың мақтанышына айналып келеді. Әр істің қасында бір «әттегенайы» жүретіні белгілі емес пе?! Нұршат та ел қатарлы доп теуіп, боз кілемде алысып өскен азамат болатын. Мектеп қабырғасын жақсыға тамамдап, жоғары оқуын бітіріп, өмірден ерте өткен әкесі Мейрамқасымның жолын жалғап, ұстаздық қызметке белсене кіріседі. Алдындағы ағасы Алматы пен анасы Мейрамғайшаның көз қуанышына айналып, ер жетіп келе жатқан еді. Ауыл тұрғындары Нұршаттың жүріс-тұрысына, істеген ісіне сүйсіне қарап, болашағынан көп үміт күтіп, үнемі қолдау білдіретін. 2019 жылы Бәйшегір ауылында «Бәйшегір баба» атындағы мешіттің ашылу салтанатында боз кілемге шығып, сол жерде ауыр жаракаттанды. Оған дейін де біраз додаларда қарсыласқанның жігерін құм етіп, белдескеннің қабырғасын соғіп жүрген Нұршат бұл жолы сәтсіз жасалған әдістен омыртқасын сындырып алады. Нағыз тепсе темір үзетін шағында бел омыртқасын сындырып, қоларбаға таңылып қалады деп кім ойлаған. Жас жігіт қой, аяққа тұрып кетеді дегендер көп болды. Тілеуін тілеп, болашағына үміт артты. Өкінішке қарай, Нұршат енді қайтып боз кілемге аяқ баспады. Жастық дәурен анасының көз алдында солып бара жатқандай көрінді. Ұлы үшін үлкен емханалардың есігін ашып, баласының аттай шауып кетуіне бар күш-жігерін жұмсады. Қолдан келгеннің бәрін

істегенімен Нұршатты аяққа тұрғыза алмады. Алланың жазғаны осы болар, көнбеске амал қалмады. «Алла сынақты да көтеретін құлына береді» – дейді. Отызға толар толмас шағында өмірлік серігі Мейрамқасымнан айырылып, қос құлының бір өзі көшке ілестіріп, ағысқа қарсы жүзді. Амаз нешік, алдан тағы бір ауыртпалық күтіп тұрды. Қайран ана қабырғасы қайысып, омыртқасы майысса да бұл ауырлықты нар жүгіндей көтере білді. Болған іске сабырлық танытып, ұлының намысын жықпауға тырысты. Кешегі талайларды жүлдеден айырған Нұршат балуан боз кілемге қайта оралмады. «Бір кем дүние» деген осы болар!

ЕР ҚАЙРАТЫ

Нұршат бұл сынаққа сынбады. Бойында батыр бабаларының рухы бар, мен енді керексіз адаммын демеді. Қоғамнан оқшауланып, тар төсекке танылып жатып алуды қаламады. Қаладағы оңалту орталықтарына барып, өзін-өзі шыңдады. Өзімен тағдырлас адамдармен араласып, өмірге басқаша көзқараспен қарауға тырысты. Елдің мүсіркей қарағанына емес, мен қоғамның толыққанды мүшесімін, еліме әлі де пайдамды тигіземін деген қанатты сөзді жүрегіне жазып, ер қайратына мінді. Осылайша қоларбасының донғалағын дөңгелетіп, Талдықорған қаласындағы «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығына» барды. Орталықтың басшысы Ерлан Бақтыбаевтың нұсқауымен мамандар Нұршатты арнайы тексеруден өткізіп, қолайлы спортқа бағыттады. Алғашында үстел теннисін көргенімен қолының икемі келмеді. Мектеп қабырғасында, одан кейін де тоғызқұмалақты жақсы ойнады. Талай жарыста олжа салған ойлы ойынға бұл жолы көңілі

шаппады. Ақыры садақ ату спортына жазылуға бел буды. Тағдырын талқан еткен боз кілемнен құралайды көзге атқан садақ ату спортына біржола бет бұрды. Сөйтіп 2022 жылы Айбек Бейсенбаевтың қоластына өтіп, жебе тартты. Білікті бапкер Нұршаттың бойындағы жігерді байқады. Қолға алған ісінен нәтиже шығармай қоймайтын қайсарлықты сезген бапкер Нұршатқа үміт артты. Мүмкіндігі шектеулі жан деп қарамады. Жаттығудың қыр-сырын үйретіп, нысананың ондығын көздеуді үйретті. Ия, алғашында Нұршатқа оңай бола қоймағаны анық. Қиналды, тартқан жебесі айдалаға кеткен күндері көп болды. Ондықты көздеме күтілі атқан оғы жетпей қалған кездер де кездесті. Бірақ оған арланып қалмады. Шамасы жеткенше адырнаны кең тартып, жебені түзу ұшуына бар күшін жұмсады. Жаттығу алаңында шелектеп тер төкті. Маңдайы ащы терге малышынып, садақ ату спортының нағыз майталманы болуға бел буды. Күн өткен сайын нәтиже көрсетіп, әр жаттығуына есеп берді. Он жебесінің бесеуі дәл тиіп, өз рекордын жаңартып отырды. Ақыры бар қиыншылық артта қалып, дүбірлі додаға қатысуға да мүмкіндік туды.

АЛҒАШҚЫ ЖҮЛДЕ

Жаттығуда намысы қайралып, қорамсақтағы жебесін нысанаға дөп тигізетін шаққа жеткенде бапкері Айбек Бейсенбаев Нұршатты алғаш қала ішіндегі жарысқа қайрап салды. Шиыршық атқан жас жігіт салған жерден олжа салып, салмақты жүлдеге қол жеткізді. Бұл Нұршат үшін жүлдізды сәт еді. Алда биік белес пен дүбірлі додалардың күтіп тұрғанын іштей сезді. Кішкентай жүлдеге масаттанып қалмай, жаттығудың қарқынын үдетті.

Қалалық, облыстық жарыстардан орын алып, медальдің дәмін сезді. Қазақстан чемпионы атағын иеленгенде төбесі көкке бір елі жетпей қалғанын да жасырмады. «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығының» басшылығы да Нұршаттың болашағына үміт артты. Үнемі қолдау білдіріп, жарыс біткеннің барлығына жіберуге мүмкіндік туғызды. ҚР чемпионатын бірнеше мәрте жеңіп, халықаралық жарыстарға құрық лактырды. Алғашында Дубайда өткен турнирде сәтсіз өнер көрсетті. Халықаралық бәсекеге бірінші рет келгесін біраз абдырап қалғаны белгілі. Атағынан ат үркетін спортшылардың мысы да басып, білгенінен жанылды. Бұл Нұршатқа үлкен сабақ болды. Керісінше, намысын қайрап, қайта шиыршық атуына мүмкіндік туғызды. Азия ойындарында жұптық кезеңде төртінші орыннан көрінді. Араға бір жыл салып 2023 жылы Тайланд, Бангкокта өткен Азия чемпионатында командаласы Сағдат Дүйсенбаев екеуі қола медальді уысына түсірді. Бұл Қазақ тарихындағы бірінші жүлде болатын. Бұған дейін бірде-бір қазақ параспортшылары Азия чемпионатынан жүлде алып көрмеген. Осылайша Нұршат пен Сағдат тарихқа өз есімдерін алтын әріппен жазды.

Иә, жалпы садақ спорты Қазақстанда кенже дамыды. Соңғы уақытта қарқын алып, жетісулық садақшылар тамаша өнерімен танылып жүр. Осы ретте тағы бір тарихи оқиғаны қозғай кеткен дұрыс шығар. Жетісулық Санжар Мұсаев жастар арасында әлем чемпионатының күміс жүлдегері. Мұндай жүлде қазақ спортының тарихында болмаған. Одан кейін де талай халықаралық жарыстарда олжа салған оғландар жетіп артылады. Олимпиада ойындарында өнер көрсеткен Сұлтан Дүзелбаев, Ильяфат Абдулин секілді садақшылар осы жетісулық саңлақтар. Ал енді параспортта да алар орнымыз ерекше екенін осы Нұршат пен Сағдат дәлелдеп келеді. Сонымен кейіпкерімізге қайта оралайық.

Нұршат Төлеуқасым мұнымен тоқтап қалмады. Барған жарыстан уыстап медаль әкелді. Елішілік, халықаралық жарыстардан құралақан қайтпады. Әбден ысылып, әккі спортшыға айналған Нұршат өткен жылы ұлттық құрама сапына қабылданып, ел намысын жыртып. Былғы жылдың басты додасы Бейжіңде өткен Азия чемпионатына жол тартты. Ұлттық құрама сапындағы алты спортшының бесеуі жетісулық. Осыдан-ақ байқауға болатын шығар, Жетісу облысындағы садақ спортының қарқынын. Сонымен жарыстың алғашқы күні іріктеу кезеңінде бесінші орынмен аяқтап, жүлдеге таласуға мүмкіндік алды.

Жалпы садақ ату спортында қытайлық спортшылар алдыға кара салмайтын мықтылар. Әлемдік рейтинг бойынша көш бастап отырған да осы елдің спортшылары. Одан қалды, Үндістан, Тайланд елінің садақшыларын да қосып қоюға болады. Тартысты өткен бәсекеде Нұршат жартылай финалға жолдама алды. Жан алып, жан беріскен жарыста төрт елдің садақшысын жолынан ығыстырып, Қытай спортшысына ғана жол береді. «Men W1» тұжырымы бойынша сыңға түскендердің арасынан алтын медальді Қытай спортшысы алса, күміске тайландтық садақшы қол жеткізді. Ал қола жүлдені біздің Нұршат Төлеуқасым иеленді. Осылайша жекелей сын бойынша тұңғыш рет қазақ баласы Азия чемпионатында жүлдеге қол жеткізді. Нұршаттың бұл жүлдесі алдағы бәсекелердің жолшары іспетті. Нұршат Мейрамқасымұлы қыркүйек айында Корей мемлекетінде өтетін әлем чемпионатында ел намысын қорғамақ. Олай болса, Сарыесіктен шыққан саңлаққа сәттілік серік болсын деген тілекті біз де тілейік!






✓ ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ

Адамзат баласын күні бүгінге дейін осынау шексіз-шеңсіз ғарыш әлемінде жалғастырып ба, әлде қиырдағы бір түкпірде біз сияқты тіршілік иелері бар ма екен деген жауабы жоқ бір сұрақ толғандырып келді. Ғылым мен білімнің қарыштап дамуы да бұл сұраққа көпке дейін нақты жауап бере алмады – өзге бір әлемдерде саналы тіршілік иелері болса, олар неге осы уақытқа дейін хабарсыз, үнсіз жатыр, олар қайда деген Ферми парадоксының мәнінде бас қатырарлық қиын түйінге айналды.

Қуанышқа орай, бүгінде бұл сұрақтың жауабы да айқындала бастағандай. Олай дейтіміз, заманауи «Джеймс Уэбб» ғарыш телескопы әлемнің қиырдағы бір түкпірлерінен тіршілік іздерін, нақтырақ айтатын болсақ биологиялық өмір белгілерін байқап қалды.

Бұл жерде «әлемнің қиырдағы бір түкпірлерінен» деп көпше түрде сөйлеп отыруымыздың да мәнісі бар. Аталған телескоп мұндай белгілерді бір ғана экзопланетадан емес, сондай өзге бір ғаламшардың айналасынан да тіркеді. Мұның өзі бізді ғарыш кеңістігінен тіршілік іздерін осы уақытқа дейін таба алмай келгеніміз зерттеу жабдықтарының, яғни телескоптың жетілдірілмегенінен болар деген тұжырымға әкеп тірмей қоймайды... Ал жана заманауи жабдықтың жөні бөлек.



ЖСАҒАНДА ЖСАЛҒЫЗ ЕМЕСПІЗ

Ғарыш түкпірінен өркеніет іздері табылғандай

«ДЖЕЙМС УЭББ» ҚАНДАЙ ТЕЛЕСКОП?

Сөз орайы келгенде «Джеймс Уэбб» ғарыш телескопы жайында бірер мәлімет бере кетейік. О баста 10 млрд. долларға бағаланған жоба аясында дайындалған телескоп Куру ғарыш айлағынан 2021 жылғы 25 желтоқсанда «Ариан-5» зымыранының көмегімен ұшырылды. Жабдықтары бірнеше кезеңде жинақталып, 2022 жылдың 24 қаңтарында Жер бетінен 1,5 млн. км. қашықтықтағы алдын ала белгіленген гало-орбитаға шығарылды. Сол жылдың жазында зерттеу жұмыстарын бастады.

Адамзат баласы осы уақытқа дейін ғарыш кеңістігіне шығарған ең ірі ғарыш телескопы электромагнитті сәулеленуді жер атмосферасы өткізе қоймайтындей диапазондарда, ең бірінші кезекте инфрақызыл диапазонда тіркеуге мүмкіндік береді. Атмосфераның әсері болмайтындықтан да бұл телескоптың бақылау, яғни көру қабілеті Жер бетіндегі дәл осындай нысаннан 7-10 есе жоғары.

Әрине, нәтиже де көп күттіре қойған жоқ. Алғашқы бір-екі айдың өзінде қиырдағы галактикалар ғана емес, өзіміздің Күн жүйесіндегі планеталар жайында да күтпеген мәліметтер жинақталды. 2022 жылы «Science» ғылыми журналы адамзаттың ғарыш жайындағы түсінігін түбірімен өзгерткен кереметтей жаңалықтары үшін телескопты «Жыл жетістігіне» балады.

КҮТПЕГЕН ҚҰБЫЛЫС

Телескоп ашқан жаңалықтардың қатары 2024 жылы тағы бір тың мәліметпен толықты. Күн жүйесіне ең жақын орналасқан қызыл ергежейлі Центавр Проксимасының (Proxima

Centauri) айналасындағы экзопланеталардың бірінен инфрақызыл сәулеленуге ғана тән айрықша белгі байқалды. Алғашында бұған көп ешкім мән бере қоймады. Алайда тереңдетіп жүргізілген спектродиагностикалық зерттеулер нәтижесінде таңғаларлық жайт анықталды – Проксима b ғаламшарының атмосферасынан көмірқышқыл газы мен метанға, су буына тән белгілер көрініс берді. Аталған газдардың биологиялық белсенді ортада ғана пайда болатынын ескерсек, мұның өзі бұған дейінгі түсінігіміздің бәрін төңкеріп жіберетіндей сенсациялық жаңалық болатын.

Ондаған жылдар бойы тіршіліктің негізгі ингреденттері – су мен көміртегі, ғаламшардың тұрақты атмосферасы мен идеалды температура әлемдегі ең сирек кездесетін комбинациялардың қатарында саналатын. Демек, астрономдардың көпшілігінің пікірінше, Жер бетіндегідей аса күрделі де нәзік теңдестірілген тіршіліктің басқа ғаламшарларда болуы мүмкін де емес еді. Расымен солай ма? Ал егер осы уақытқа дейін қателесіп келген болсақ ше? Тіршілік, яғни біз білетіндей биологиялық өмір жалғыз Жер бетінде ғана орын алмай, әлдеқашан статистикалық тенденцияға айналып кеткен болса қандай қорығандығына келеміз? Бүгінде әлем астрономдарының ой-санасында осындай бір дүрлігістер орын алып жатқан сыңайлы...

Сенсация қатары мұнымен де түйінделмейді. 2024 жылдың соңына қарай аталмыш телескоп атмосфералық қосылыстардан басқа да алаңдатырлық құбылысты тіркеді. Дәл сол Проксима b ғаламшарынан байқалған аномальді электромагниттік сәуле толқынын қай жағынан болсын жасанды сигнал деуге келетіндей еді. Олай дейтініміз, өте қысқа да дәл бағытталған, бұдан кейін бір рет те қайталанбаған бұл сигнал не-

бары 7 секундқа ғана созылды. Алайда оның ритмикалық көрінісі мен өдеттен тыс интенсивтілігі, жиілігі бізге бұған дейін белгілі болып келген бірде-бір табиғи құбылысқа ұқсамайтын. Бұл арнайы жіберілген хабарлама ма, әлде басқа бір нысандарға соғылып, кейін бағытталған жаңғырық па, басқалай қателік пе, әлі зерттелу, тексерілу үстінде.

Қалай дегенмен де өзгеше бұл сигнал жөнінде баспасөз мәслихаттары ұйымдастырылған жоқ, ресми хабарлама да берілмеді. Жекелеген техникалық құжаттарда ғана қысқаша аталып өтіп, содан кейінгі жерде ресми есептердің тасасында қалып қойды.

Осы жақында ғарыш тылсымына құштар жұртшылықты тағы бір жаңалық елең өткізді. Әлеуметтік желі хабарларында «Джеймс Уэбб» телескопының сөз болып отырған ғаламшардың күн түспейтін бөлігінен жасанды жарық шашырандыларын байқағаны сөз болды. Жер бетінде қалалық жерлерде, үлкен мегаполистерде ғана байқалатын мұндай жарықты, дәлірек айтсақ, түнгі қала оттарын басқа табиғи құбылыстармен шатастыру мүмкін емес еді.

Әйтсе де бұл жаңалық та ресми жариялана қойған жоқ...

ПРОКСИМА В ҒАЛАМШАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Центавр Проксимасы, жоғарыда айтып өткеніміздей, Күн жүйесіне ең жақын орналасқан жұлдыз. Жер бетінен санағанда 4,244 жарық жылына тең бұл қашықтық ғарыштық өлшеммен алып қарағанда қозықар жер ғана саналады.

Біз сөз етіп отырған қызыл ергежейлі Центавр Альфасы жүйесіндегі күнге ұқсас үш жұлдыздың қатарында. Оның диаметрі Күннен 7 есе, ал массасы 8 есе кіші. Айналасында Проксима b

тәрізді бірнеше планетасы бар. Жұлдыздың «өмірге жайлы аймағында» орналасқандықтан Проксима b бетіндегі температура сұйықтық түріндегі судың болуына мүмкіндік береді. Ал су болған жерде тіршіліктің дамуына қолайлы жағдайдың туындайтындығы дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Дегенмен, ғаламшардың қолайсыз тұстары да жоқ емес. Оның бетінде түрлі диапазонда, соның ішінде рентгендік және радиодиапазондарында сәуле шығаратын үлкенді-кішілі жарылыстар жиі болып тұрады. Мұндай жарылыстар, әрине, тіршілікке, әсіресе биологиялық тіршілікке зиянын тигізбей қоймайды. Соған қарамастан, ғаламшардың көпшілігі Проксима b ғаламшары тіршілікке қолайлы, демек онда тіршілік болуы мүмкін деген пікірде.

Ғаламшар қызыл ергежейліне небары 11 тәулікте айналып шығады. Басты ерекшелігі – онда Жер бетіндегідей күн мен түн тұрақты ауысып тұрмайды. Содан кейін де бір беті тұрақты түрде жұлдызға, біздің тілімізбен айтқанда, күнге қарап тұрса, екінші беті ылғи да қараңғы қалыпта. Мұндай жағдайда биологиялық тіршіліктің аса ыстық та, аса суық та емес, сондықтан да өмірге қолайлы аралықтағы азғантай бөлікте ғана орын алатыны түсінікті. Елді мекендердің, яғни жанағайдай қалалардың жұлдыз бетіндегі жарылыстардан, демек радиациядан қорғайтындай қараңғы бөлікке орналасуы да қисынды.

СӨЗ СОҢЫ

Мақала түйінінде өзге әлемдердегі тіршілік, өркеніет іздері жөніндегі мәселеге оралайық. Қайталанбайтын болсақ, бұл жалаң алаңдау емес, әлде бір ресми мәліметке жасалған жоқ. Рас, жоққа да шығарылмады. Соған орай ғарыштың қиыр бір түкпірінде дәл біз сияқты болмаса да әлдебір кейіптегі саналы тіршілік иелерінің бар екеніне сенің келеді. Бауырлармен байланыс жасайтын ондай бақышты күн қашан туар екен!?

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕ ДЕЙДІ?

Техника, ілім мен білім қарыштап дамыған қазіргі заманда қай ақпаратқа сенеріңді де білмей қаласың. Кей кездері сенімді деген ақпараттың өзі адамды адастыру, жаңылдыру мақсатында әдейі ұйымдастырылған жоба болып шығады. Көңіл сенбес ақпараттың шынайы болып шығатын шақтары да аз емес.

Замана ағымынан қалмау үшін кейде жасанды интеллектке иек артатын да кездеріміз бар. Өз тұжырымдарымызды бір тексеріп алу үшін сондай бір қадамға барғанымызда жасанды интеллект Проксима b ғаламшарында тіршіліктің болуы мүмкін екенін жоққа шығармады.

Жоққа шығарылған бір жайт – «Джеймс Уэбб» телескопы қаншама заманауи болғанымен аталған ғаламшар бетіндегі жасанды жарықтан дыру көрінісін көре алмайды, байқай алмайды деген мәселе болды. Оған да таласпаймыз.

Қарсы дәлел ретінде келтірілетін бір ғана жайт – ғарышқа шығарылған жаңағайдай телескоптың мүмкіндігі, жоғарыда айтып өткеніміздей, 7-10 есе арта түседі екен. Соған орай ол атмосферадағы биосигнатура нышандарын тіркей алған. Олай болса телескоптың жасанды жарықты да байқап қалуы әбден мүмкін нәрсе ғой...

Қалай десек те осы уақытқа дейін байқалған, арнайы басылымдарда жарық көрген сенсациялық жаңалықтар жайында ресми түрде хабарланбады. Оның себебі де түсініксіз.

ФЕРМИ ПАРАДОКСЫ

Әлемде болуы мүмкін әртүрлі өркеніет өкілдерімен осы уақытқа дейін неге байланыс орнатылмаған деген пікірге орай сан қилы болжам айтылады. Солардың бірі өзгеғаламшарлықтар Америка Құрама Штаттары, Израиль тәрізді елдермен әлдеқашан жасырын қарым-қатынас орнатып қойған деген тұжырымға келіп тіреледі. Тағы бір пікір «ондай тіршілік иелері бөленбай ғасырдан бері арамсызда, оларды өзіміз ажырата алмай жүрміз» деген тұжырымға саяды. Бұл мәселе жайында сөз болғанда Ферми парадоксы тақырыбына қайта оралайық.

Расында өзге бір галактикаларда тіршілік пайда болып, уақыт өте келе өркеніет дамығанымен олардың эволюцияны белгілі бір кезеңдерінен өте алмай қалулары да ықтимал. Оған ядролық соғыстың немесе ғаламдық апаттардың себеп болуы мүмкін.

Ғалымдар дамып кеткен өркеніет өкілдерінің бізбен әдейі байланыс жасамай отыруы ықтималдығын да жоққа шығармайды. Зоопарктегі жануарларды бақылағандай олардың да бізді жай ғана бақылап отырулары мүмкін ғой...

Тағы бір нұсқа – өзге өркеніеттердің дамып кеткені соншалықты, біз оларды байқап алатындай, түсіне алатындай деңгейге жете қойған жоқпыз...

Оқымыстылардың басым көпшілігінің тұжырымы – Жер бетіндегі тіршілік басқа еш жерде қайталанбайтындай өзгеше құбылыс. Әлемде ондай өзге ғаламшарлар жоқ деуге болады.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
«Jetisy-дың» ардагер журналисі

✓ МАМАН МІНБЕРІ

Бала бойын білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие беруде мұғалімнің алар орны ерекше. Мектептің ары да, жаны да – мұғалім. Озық ойлы, ізденімпаз, жаңа платформаларды игеруге қызығушылықтары жоғары ұстаздардан өрелі шәкірт шығатыны белгілі. Қазіргідей технология күн санап дамыған заманда жаңа бағдарламаларды жетік меңгеру әр саланың мамандарына қажет.

Тиімді «TopIQ»

Әсіресе, ұстаздар қауымы оқу-тудың жаңа технологияларын жетік білуі шарт. Өйткені жеке тұлғаның қалыптасуы осы ұстаздан басталады. Осы орайда TopIQ оқыту процесін өз тәжірибесінде қолданысқа енгізген Үлкенбасқан орта мектебінің информатика пәні мұғалімі Мархаба Имярованың жаңа платформаны меңгеруі көңіл қуантады.

Ұстаздың айтуынша, «TopIQ» білім беру платформасы – оқыту мазмұнын цифрландыру, интерактивті оқулықтарды тиімді пайдалану және оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты онтайландыру үшін таптырмас көмекші. Әсіресе, «TopIQ.kz» электронды оқулықтар платформасы оқушылар үшін аса тиімді. Оқыту

процесін жеңілдететін және оқушыларға тиімді көмекші құрал саналатын «TopIQ» платформасы арқылы оқушылардың деңгейін нақты бағалап, қажетті тапсырма беруге болады. Шынында платформаны мектеп тәжірибесіне енгізу – тек техникалық ғана емес, мектеп басшылығының жүйелі стратегиялық шешім қабылдауын талап ететін кадам.

Негізі әр бала өзине қолайлы материалды таңдап, сол арқылы даму жолына түседі. Сондықтан, сараптама жасауға мүмкіндік беретін жүйе мен жасанды интеллект арқылы мұғалім оқушылардың кемшіліктерін жылдам анықтап, оқулықты цифрлық нұсқада ұсынады. Сол арқылы әр оқушының білім деңгейі мен жас ерекшелігін ескеретін адаптивті және интерактивті

құралдармен қамтамасыз етеді. Яғни, білім алушы үшін жағдай жасайтын платформа әркімге қалаған уақытында және кез келген жерде қажетті мәліметке қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мұғалім үшін сабақ жоспарлау мен тестілеу сұрақтарын дайындауға жеңілдік беретін «TopIQ» платформасында дайын тапсырмалар мен ресурстар көп. Бұл уақыт үнемдеуге әрі оқушыларға түрлі әдіспен түсіндіруге септеседі.

Жалпы түрлі гаджеттер мен смартфондарды еркін меңгерген жаңа заман ұрпақтарын жалықтырмай, оларды оқуға қызықтыра отырып оқытуды көздеген бұл жаңа жүйе оқушы жауабына тез арада кері байланыс беруді де қамтамасыз етеді. Оқушылар үшін қызықты әрі қолжетімді екендігі тәжірибе барысында бірден байқалды. Өйткені, шәкірт жауабына, оқу қарқынына қарай қиындықсыз әрі жүйелі білім алады. Ата-аналардың балаларының даму барысын бақылап отыруы сенімділікті нығайтады.

Міне, информатика пәнінің мұғалімі осындай ойымен жаңа интерфейстің тиімділігі мен қажеттілігін осылай бағалайды. Меніңше, уақыт өте келе «TopIQ» платформасы жан-жақты дамытылып, қосымша интерактивті материалдар қосыла түсеріне сенемін.

Ақмарал ХАМЕТЖАНОВА
Панфилов ауданы

✓ ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШ

«Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі. Бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағайдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз» – деген бір есті сөз бар. Иә, бұл – бүгінгінің ғана емес, келешектің де қамын ойлаған жанның жүрегінен шығатын шындық. Табиғат – адамзаттың жаны мен тынысы, тіршілігінің тұғыры.

Сол табиғаттың бір тамаша бөлшегі – Алакөлдің інжу-маржанына айналған «Үйгентас орман шаруашылығы». Бұл өңір – көз сүрінер көркімен қатар ауасының тазалығы, өсімдігі мен жан-жануарының алуантүрлілігімен де ерекшеленеді. Орман шаруашылығы 93 206 гектар жерді алып жатыр. Осы ұланғайыр аумақты қорғау бір жағынан міндет, екінші жағынан үлкен жауапкершілік.

Бұл мекемеде еңбек етіп жүрген орманшылар мен орман күтушілері табиғаттың жанашыр сарбаздары. Олар қырағы күзетші де, білімді насихатшы да. Табиғатты қорғау, аң-құсты, өсімдікті сақтау, зансыз аң аулау мен қорық тастау секілді әрекеттерге тосқауыл қою күнделікті қызметінің

өзегі. Әсіресе, өрт қауіпсіздігі орман шаруашылығында ең басты мәселе. Себебі бір жалын ғасырлық жасыл желекті тып-тыпыл етіп, талай тіршіліктің көзін жояды.

Соңғы жылдары табиғат аянсыда демалышылар, малышылар мен аңшылар тарапынан отты сөндірмей кету, қалдықтарды бақылаусыз тастау оқиғалары көбейген. Бұл орман өртіне әкелетін қатердің басты себебі. Осындай қауіптің алдын алу үшін мекеме қызметкерлері түсіндіру, үгіт-насихат жұмысының үздіксіз жүргізіп келеді.

Табиғатты қорғау – ел болып қолға алатын, әр азаматтың жүрегінен орын табатын ұлы мұрат. Құстар жоғалса орман зиянкестерге толып, жасыл желек қурып кетуі мүмкін. Көл-өзендер орынсыз пайдаланылса табиғи тепе-теңдік бұзылады. Оның соңы құрғақшылық, су тапшылығы, экологиялық апатқа әкелуі ықтимал.

Төктерді, табиғат өзіне адалдықпен қараған жанға жомарт. Біз оған қамқор болсақ, ол да бізге мөлдір бұлақ, таза ауа, жасыл орман боп қайта оралады.

Қайнар ҚОШҚАРОВ,
Үйгентас орман шаруашылығы
КММ орман шебері



№75 (19502)

12 шілде,

2025 жыл



✓ ОЛЕҢ-ӨРНЕК

Бәріне жауаптымын...

Атқан сайын алдымнан күн арайлы,
Тағдыр бізді бекерге сынамайды.
Не болса да қазағым ақындарын,
Айыптайды, әйтеуір, кінәлайды.

Көзтүрткі боп жасқа да, кәріге де,
Жақпай келем, қайтейін, әр үдеге.
Айыптаңдар,
Айтыңдар,
Кінәлаңдар,
Жауаптымын, білемін, бәріне де.

Көктем себіл жыласа – жауаптымын,
Көкпен көңіл құласа – жауаптымын.
Қазағымның әр басқан қадамына,
Жауап берем алмастан тағат-тыным.

Іні ағасын тілдесе – жауаптымын,
Ана тілін білмесе – жауаптымын.
Әділ деген биіміз бұра тартып,
Әлді әлсізді жүндесе – жауаптымын.

Ақиқатың тапталса – жауаптымын,
Айыптылар ақталса – жауаптымын.
Жақындарың түсінбей жырақ кетіп,
Жаныңда тек жат қалса – жауаптымын.

Мұңға батса қорғансыз жетімегім,
Лас қоғамның таппасам шетін емін.
Жауабы жоқ сұраққа жауап тауып,
Бере алмағаным үшін де өкінемін,

Талаптының бермесе бақ-талабын,
Жындануға кей-кейде шақ қаламын.
Күнәм да бар,
Кінәм да,
Олай болса,
Не деп мына жұртыма ақталамын?

Көңілдерді торласа құса, нала,
Балағаттап біреуді күш ала ма?!
Амалдары таусылса ағайындар,
Ақындарды алады нысанаға.

Не қалайды,
кім білген, не керегін?
Қолдан келсе әркімге жетер едім.
Ақындары кінәлі қоғам ғой бұл,
Мейлі,
Болсын,
Бәрін де көтеремін.

Ел қашанда үмітін артады ерге...
Қалыптасқан үрдіс бұл барша әлемде.
Тек сандырақ сөзі үшін санасыздың,
Өтінемін,
Жауапқа тарта көрме!

Айта алмасам...

Өзімді айтам!
Басқа кімді, неміді айтам?
Кеудемдегі көшіп жатқан сеңді айтам.
Жұртымды айтам – қобалжулы, қорғансыз,
Сенгіш,
Көңбіс,
Аңқау,
Адал,
Кең,
Бейқам...

Өзімді айтам,
алаңды айтам мендегі,
Қоғамды айтам ақталмаған еңбегі,
Жарамды айтам сыздататын жүректі,
Заманды айтам, айта алмасам жөн бе еді?!
...

Өзімді айтам,
кезімді айтам көшке ерген,
Төзімді айтам таусылмауды қош көрген.
Сезімді айтам сергелдеңге сан салған,
Кезім бейқам көп болса да дес бермен...

Өзімді айтам,
шерімді айтам іштегі,
Айт деп мені ар-ұятым күштеді.
Еркін елде ерік-жігер құм болған,
Отыз жылым жайсыз көрген түс пе еді?!
...

Өзімді айтам,
Безбендеп көр жырымды,
Болашағым қандай жайға ұрынды,
Бұлдыр-бұлдыр тірлік кешіп ағайын,
Бұрымды қыз болмай жатып бүлінді.

Өзімді айтам,
шағымды айтам жан ұшқан,
Заманды айтам жан-жағымнан жанышқан.
Есті жылып, тіктер кезде еңсені,
Ұлымды айтам ада болған намыстан!

Өзімді айтам,
өзімді айтып үйренгем,
Арыла алмай келем осы күйден мен.
Ұрпақты айтам – ана тілін мансұқтап,
Ата-салттан, дәстүрінен жиренген.

Өзімді айтам,
намысыммен асқақ ем.
Білгендерін жасай берсін басқа әлем.
Билікті айтам өзін ғана еститін,
Ел дегенде –
Соқыр,
Мылқау,
Тас керек!

Айтам, сірә,
ақиқатқа шөлдедім,
Үндемесем көрінердей көр де мін.
Біл ажал бар –
Маған,
Саған,
Оған да,
Айта алмасам өлмей тұрып өлгенім!

Арманым

Ізгілік болып бар міндет,
Жайылдым жұртқа шалғын боп.
Пейілімді дұрыс көрді ме,
Атадан бата алдым көп.

Асып бір қайтем шамадан,
Көңілім менің самал ән.
Еркелеп әркез іні боп,
Қамқорлық көрдім ағадан.

Сөзім көп жіпке тізетін,
Сезім боп тұрсын күзетім.
Айбарлы аға болдым ба,
Інінің көрдім ізетін.

Адалдық әркез деп келдім,
Адам боп өмір өткердім.
Менен де опа тапты ма,
Досымнан опа көп көрдім.

Теңесер сірә, балменен,
Іліп тұрар тал денең.
Бозбала болып боздаған,
Сұлудан ләззат алған ем.

Жаманға жүрер жуыс кім?
Жақынмен бірге у ішім.
Азаматым деп ардақтап,
Қолшапым көрдім туыстың.

Қомдалған сәтте қарымым,
Оң менен солды таныдым.
Таңдап бір сүйген арумен,
Жардың да сездім жалының.

Алқалы топта шырқап мың,
Арқалы сәтте нұр таптым.
Ендігі басты арманым,
Өскенін көрсем ұрпақтың.

Әрген шалдың баласы (досым Мақсатқа)

Өткен жылдар –
тағдыр жазған жыр-дастан,
Бірде шаттық,
бірде көзді мұң басқан.
Біз үшеу ек – Мақсат, Дәрібек және Мен,
Бүгін, міне, көз жазғанбыз бір достан.

Біз үшеу ек,
ес білгелі бірге едік,
Бәріне де жүруші едік үлгеріп.
Таң атқанда жолығуға асығып,
Кеш батқанша үйімізге кірмедік.

Қариялар майдан көрген,
қан көрген,
Қарсы алатын бұрын тұрып таңды елден.
Ал, аналар өтсе де өмір бейнетпен,
Айналага шуақ шапқан, сән берген.

Әкелер ме...
құршы кеуде, мәрт еді,
Оларды өмір ұрды, соқты, өртеді.
Сан сынақты қайыспастан қарсы алды,
Тағдырлары таңғажайып ертегі.

Қайыспады,
қара емендей морт сынды,
Мына жалған бізге оларды көпсінді.
Төбемізде балға тұрды ұрам деп,
Ал, табанда жәншимын деп төс тұрды.

Бала болып ойнамастан жөндеп те,
Біздер ерте араластық еңбекке.
Мақсат қалды бауырларға бас болып,
Ол тұрғанда әулет шалы сөнбек пе?!

Алғыр, өткір,
мінезі жоқ бұйықпа,
Мақсат досым тірелмеді тұйыққа.
Жемізім деп қарындас пен бауырды
Артып алды ауыр жүкті шыққа.

Теміржолда балға соқты тынбастан,
«Темір тұлпар» тізгіндеді қыңбастан.
Төрт мезгілде еңбек етіп, тер төкті,
Оған куә шуақты күн, түнгі аспан.

Біздер кеттік арман қуып жан-жаққа,
Бәлкім көрдік көкжиекке сағпап та.
Ал, досымыз, тұлған жерден тайқымай,
Еңбек етті бауырлармен бармаққа.

Тірлік етті жаба қылмай жауырды,
Тұрмысы да көпшіліктен тәуір-ді,
Қарындасты сүйгеніне ұзатты,
Үйлендірді жұбын тапқан бауырды.

Жаңарады дүние, көнереді

Айтбаладай өзіне сай жар тапты,
Ұрпағымен әулет жолын тарқатты.
Ағайынға батағөмі ауылдың,
Немеремен толтырған-ды алқатты.

Мақсат досым,
көңілде жоқ аласы,
Дайын тұрар мейманына дәм-асы.
Ақ самайлы батағөмі ауылдың,
Бір кездегі Әрген шалдың баласы!

Жылдарым

Ұсынып өмір жұмбағын,
Көңілге сыйлап гүл бағын.
Күндерді тізіп ноқталап,
Барасың қайда, жылдарым.

Шырқалды талай қырда әнім,
Сезімді сұлу жырлауым.
Тәуелді қылып уақытқа,
Асықтың қайда, жылдарым.

Білсем де алда сын барын,
Атымның басын бұрмадым.
Мезетер болып мезгілде,
Зулап бір жатыр жылдарым.

Алдыдан күтіп бір бағын,
Аңдамай торды құрғанын,
Алаң кун кешіп жалғанда,
Ағып бір жатыр жылдарым.

Жүректің үнін тыңдадым,
Майыстым, бірақ сынбадым.
Мақамын салып минуттың,
Өтіп бір жатыр жылдарым.

Білемін қайғы, мұң барын,
Жабырқау содан жүр жаным.
Сағат боп, ай боп жиылып,
Жылжып бір жатыр жылдарым.

Шарықтап жүрсе мың дарын,
Шықпады, бәлкім, шыңға арын.
Азғантай мына гұмырда,
Абырой берші, жылдарым!

Ана тілге араша...

(немесе қазақ қыздарына базына)

Айналайын, қыздарым,
балаларым,
Салмақ салды демеңдер санаға мың.
Айтайын деп қолыма қалам алдым,
Көңілімде айықпас нала барын.

Көксезенің болды ма табыс, пайда,
Сөз бен ісің бүгінде қабыспай ма?!
Еркіндік ап, еңсені тіктегенде,
Найзағайдай кешегі намыс қайда?!

Жігіттердің құятын жігеріне от,
Арулардың тылсымы, білері көп.
Қазақ қызы қашаннан жүрмеп пе еді.
Ермен қатар Отанның тірегі боп!

Кімнен енді сұраймын хақтың құнын,
Қаңсығына біреудің қақтың күлім.
Дәруіштей дәріптеп не көрінді,
Өзге гұрып,
Бөтен салт,
Жаттың тілің?!

Жұрт едік қой тарихын тәпсірлеген,
Сан гасырлар күн кешіптік дәстүрменен.
Өзің керек қылмаған Ана тілі,
Керек пе екен балаға ес кірмеген?!

Амал құрып, кетті ғой бастан айла,
Ата-баба назасы жасқандай ма?
Сұрыпталған сан гасыр есем тілді,
Күресінге ұрпағың тастамай ма?!

Базынам бар айтатын саған деген,
Кім едім деп келешек галамға енем?
Аманатын анаңның мансұқтамай,
Өз тіліңде сөйлесіп балаңменен?!

Өзгешелеу өзіңе құрдың ба әлем,
Тірлігіңнен кетпеді-ау бір дүрбелең.
Жарығым-ау, қазақша сөйлессеңші,
Ағайынмен,
Көрішпен,
Құрбыңменен!

Жерімде егес басталған, төрімде егес,
Ар-шыңынан әйтеуір көрінбе кеш.
Ана тілі – Ананың ақ сүтінде,
Ана тілі – Атаның белінде емес!

Жиен менен нағашы

(бауырым Нұртайға)

Бауыр десем – жиенсің,
жиен десем – бауырсың...
Қалауыңды көп табу маған боп тұр ауыр сын.
Көңілімнің дегінде көнермейтін орның бар,
Елесінде әпкемнің қалықтаған қауырсын!

Білесің ғой, біздерден шықпады әсте өгей ұн,
Келер күн де көмескі сөз айтпайды көмейім.
Балапандай шағыннан бауырымда өсіп ең,
Балақаным, ендеше, бауыр демеі не дейін?!

Толтырсам деп дүрмекті дүниенің бір кемін,
Арпалыспен әпкемнің көрдім өмір сүргенін.
Отырысы, тұрысы, тура сөйлер тұрпаты,
Аумайды ғой, аумайды,
Өңің, түсің, түр-кебің.

Туған өлке – өскен жер,
ақ таңымыз жасі атты.
Жақсылығын әпкеңің біз айтпасақ ұят-ты.
Оу, Нұртай-ау, өзіңді көрген сайын боламын,
Сол әпкемді тағы бір көріп қайтқан сияқты.

Иығына артып ап аналардың ар-жүзін,
Хан қызындай жүретін, күн кешсе де
жарлының
Қазкен дейтін дүйім жұрт,
Шын есімі – Қазиза
Сағынамын әлі де тіліп түсер қалжыңын.

Әпкем сынды өзің де сәні болдың ортаның,
Қарсы алумен келесің туған жердің әр таңын.
Бауыр деген қашанда басыбүтін өзім ғой,
Жиен десем алашақтап алам ба деп қорқамын!...

Көктем

Жаңарады дүние, көнереді,
Міне, тағы ақ жаңбыр себеледі.
Есігімнен енді көп көктем-ару,
Тағдырыма, беймәлім, не береді?!

Көктем келіп, далама шуақ кірді,
Ақ көрпесін үстінен лақтырды,
Не береді бұл көктем,
не береді?
Көкейімде көмескі сұрақ тұрды...

Көкбеулеп көңілдегі бөтен ойды,
Күннің нұры төбемнен төпелейді.
Кеудеңе қонақтаған үміт-сәуле,
Баудыр болашаққа жетелейді.

Тағдырдың бұзып-жарып бөгетін кей,
Тоң болған бериштерді сөгетіндей.
Аздан әлсіреген селкеу сенім,
Көктемде қайта түлеп келетіндей.

Арылып көктем сайын күйден күпті,
Жабыққан жаным бүгін үйден шықты.
Қыстан соң жаңа өмірді күтетұғын,
Пенденің әдеті ғой үйренішкіті.

Көктемнен келеді деп тымық керім,
Ежелден от пен суда шынықты елім,
Мені қойшы,
ей, көктем,
өтінемін,
Халқымның ақтай көрші үміттерін!

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының
лауреаты

